

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Аманкелді Шамғонов

**Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтеріліс
және оны мектептерде оқыту
(қазақ және орыс тілдерінде)**

Атырау, 2010

Пікір жазғандар:

Сейталиев Қ.Б. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Табылдиев Х.Б. - тарих ғылымдарының докторы, профессор

Аманкелді Шамғонов

Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтеріліс және оны мектептерде оқыту: көмекші оқу-әдістемелік құрал. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2008 -105 бет

Әдістемелік оқу құралында 1836-1838 жылдарда Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс және осы көтеріліс тарихын негізгі және орта мектептерде, лицейлер мен гимназияларда оқытудағы әдістемелік мәселелер сөз болады. Қамтылған оқиғалар негізінен Қазақстанның батыс аймағында болғандықтан, бұл еңбектің оқушылар мен мұғалімдерден басқа қалың жұртшылық үшін де қызғылықты болары сөзсіз.

Баспаға Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің оқу-әдістемелік Кеңесі ұсынған (хаттама №4, 14 наурыз 2007ж.)

Кіріспе

XIX ғасыр Қазақстан тарихында Ресей империясының отаршылдық озбырлығы мен жергілікті феодалдардың үстемдігіне қарсы халық көтерілістерінің жиілігімен ерекшеленеді. Сол халықтық қозғалыстардың бірі - 1836-1838 - жылдарда Бөкей ордасы мен Кіші жүзді қамтыған Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған азаттық көтеріліс.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда осы көтеріліс тарихына байланысты көптеген ғылыми – зерттеу еңбектері жарық көрді. Сол жарияланымдарды зерделей келе, Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтеріліс тарихына байланысты әлі де анықтай түсетін мәселелердің бар екендігін байқаймыз. Солардың бірі – көтерілістің кезеңдері төңірегіндегі мәселе. Академиялық “Қазақстан тарихының” III- томында көтеріліс 3 кезеңге бөлініп көрсетілген. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Қасымбаевтың негізгі және орта мектептердің, лицейлер мнe гимназиялардың 8-сыныбына арналған “Қазақстан тарихы” оқулығындағы “1836-1838 - жылдардағы Бөкей ордасындағы шаруалар көтерілісі” атты тақырыпта да көтеріліс 3 кезеңге бөлінген. I-кезең: 1833-1836 - жылдар көтерілістің басты алғышарттарының қалыптасуы; II-кезең: – 1837 - жылдың басынан осы жылдың аяғына дейін көтерілістің етек алған кезеңі, патша жазалаушы әскерімен, хан итаршыларымен қақтығыстар; III- кезең: 1837 - жылдың желтоқсан айынан 1838– жылғы шілде айына дейін - көтерілісшілер күшінің әлсіреп, жеңілу кезеңі.

Бұл жерде оқушылар үшін де, тіпті тарихшы мұғалімдер үшін де түсініксіздік тудырып тұрған нәрсе - көтерілістің I- кезеңінің 1833 – жылдан басталуы, яғни оның тақырыпта көрсетілген жылдардан тыс тұрғаны.

Егер, көтерілістің кезеңдері сол оқиға болған жылдардың ішінде (бұл жерде 1836-1838 жылдар аралығында - автор) болуы

керек болса, онда I- кезеңнің 1833-жылдан басталуы оқушылар үшін түсініксіз болып шығады. Мұның өзі олардың осы тақырыпты терең меңгеруіне тіпті де көмектеспейді.

Көтерілісті кезеңдерге бөлуге байланысты оқушылар үшін тағы бір түсініксіздікті айтпай кетуге болмайды. Ол оқулықтағы тақырып пен көтерілістің III кезеңін көрсетудегі сәйкессіздік. Егер тақырыптың өзімен салыстырсақ, көтерілістің III кезеңі де Бөкей ордасында болған екен деген түсініктің қалыптасуы мүмкін екендігін жоққа шығаруға болмайды. Ал, тақырыптың мазмұнымен танысқанда, III кезеңде көтерілістің негізінен Кіші жүздің батыс бөлігінде болғандығын аңғару қиын емес. Бұдан шығатын қорытынды: егер көтерілістің III кезеңінде барлық оқиғалар Жайықтың шығыс бетінде болған болса, онда тақырыптағы “Бөкей ордасы” деген сөз тіркесі өз орнын тауып тұрған жоқ. Оған қоса оқулықта көрсетілгендей, III кезеңді көтерілісшілер күшінің әлсіреу кезеңі деу де шындыққа сәйкес келмейді. 1838-жылдың алғашқы 6 айында Исатай, Махамбет батырлардың қазіргі Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстарын қамтыған аумақта патша өкіметінің отаршылдық саясаты мен солардың сойылын соғушы жергілікті феодалдардың езгісіне қарсы 3 мыңнан астам адамды азаттық көтеріліске жұмылдырғанын қайда қоямыз? Бұл жерде жоғарыда аталған “Қазақстан тарихының” III томында атап көрсетілгендей, көтерілістің III кезеңі жана шайқастарға әзірлік барысында көтерілісшілердің күштерін қайта топтастыру кезеңі деп көрсетілгенінің шындыққа әлдеқайда жақын екендігін айтқанмыз дұрыс.

Көтерілісті кезеңдерге бөлуге байланысты жоғарыда көрсетілген үйлесімсіздіктерді ескере келе біз 1836-1838 жылдардағы Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтеріліс 2 кезеңнен тұрады деген пікір ұсынамыз. Оның I кезеңі—1836-жылғы наурыз бен 1837-жылғы қараша айларының аралығы. Бұл кезеңде көтеріліс Бөкей ордасында басталып, дамып, аяқталады. Көтерілістің II кезеңі 1838—жылдың алғашқы 6 айын (дәлірек

айтқанда, 1838-жылдың 12-шілдесіндегі Ақбұлақ шайқасына дейін) қамтиды. Бұл кезеңде көтеріліс Кіші жүздің Батыс бөлігінде өрістеп, аяқталады.

Осы айтылғандардан шығатын қорытынды:

1) И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған көтерілісті мектеп оқулығында көрсетілгендей 3 кезеңге емес, 2 кезеңге бөліп оқыту дұрыс болады.

2) Оқулықтағы “1836-1838- жылдардағы Бөкей ордасындағы шаруалар көтерілісі” - деп аталатын тақырыптағы көтеріліс болған аймақты негізсіз тарылтып тұрған «Бөкей ордасындағы» деген сөз тіркесін алып тастау қажет. Ол тақырыпты “1836-1838-жылдардағы И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс” деп атаған шындыққа сай келеді.

И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс тарихы Қазақстан тарихы пәні бойынша негізгі және орта мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде жүреді. Алайда, осы көтерілісті оқыту туралы әдістемелік еңбектер жоқтың қасы. Сондықтан, қазақ және орыс тілінде жазылған бұл әдістемелік құрал, сол олқылықтардың орнын толтыру жолында жасалған қадам деп есептегеніміз жөн.

Егер, осыған дейін біз дайындаған және ҚР Білім және ғылым министірлігінің шешімімен республика мектептеріне көрнекті құрал ретінде таратылған “Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс (1836-1838-жылдар)” атты сызба картаның да және назарларыңызға ұсынылып отырған осы әдістемелік құралдың да мектептерде осы тақырыпты өту барысында мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де пайдалы әсері болатын болса, онда біз де алдымызға қойған мақсатымыз орындалды деп есептер едік.

I Бөлім.

1836-1838-жылдардағы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілістің қысқаша тарихы

1836-1838-жылдарда халық батырлары Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған Қазақстанның батыс өңірін дүр сілкіндірген шаруалар көтерілісі болып өтті. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда осы көтерілістің басшылары И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлының 200 жылдық мерейтойлары, Бөкей ордасының 200 жылдығы кең көлемде аталып өтті. Сол мерейтойларға байланысты бұрын белгісіз болып келген көптеген тарихи деректер, көп томдық зерттеулер, энциклопедиялар баспадан шықты. Осы тақырыпқа байланысты 1917-жылға дейін жазылған немесе Кеңес өкіметі кезінде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ғалымдардың еңбектері қайтадан басылды.

Мінеки, сол ғылыми еңбектерді саралай келе - 1836-1838-жылдарда Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтерілістің 2 кезеңнен тұратындығы туралы пікір туып отыр. Оның 1 кезеңі 1836-1837-жылдары болған, бұл кезде көтеріліс Бөкей хандығында өрістеп, аяқталған.

Ал, көтерілістің II кезеңіне келер болсақ, ол 1838-жылдың алғашқы 6 айын қамтиды. Бұл кезде көтеріліс негізінен, Кіші жүздің батыс бөлігінде дамып, аяқталған.

Енді көтерілістің әрбір кезеңін жеке-жеке қарастырайық:

Бөкей (Ішкі) ордасының құрылуы:

XIX ғасырдың басында Жайық пен Еділ өзендері аралығында Ішкі орда немесе Бөкей ордасы құрылды. Бұл шағын мемлекеттің құрылуының 2 басты себебі болды. Бірінші, XVIII ғасырдың соңында Кіші жүздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайдың шиеленісуі, екінші, патша өкіметінің Қазақстандағы отарлық саясаты.

14 жылға созылған Сырым Датұлы басқарған қазақ шаруаларының көтерілісінен кейін Кіші жүзде феодалдық езгі күшейе түсті. Мұнда хан тағына таласушы сұлтандар (Қаратай, Жантөре және басқалар) саны ұлғайды. Олар бір-бірінің ауылдарына шабуыл жасап, кісілерін өлтіріп, малдарын айдап әкетті, дүние-мүліктерін тонады. Феодалдардың қауымдық жерлерді басып алуы

салдарынан шаруалар жайылымдардан айрылды. Осының бәрі қазақтардың тыныштығы мен үйреншікті шаруашылық ырғағының бұзылуына әкеліп соқты. Қазақ шаруалары неғұрлым қауіпсіз жерлерге кетудің шарасын қарастырды.

Осындай жағдайда Кіші жүз қазақтары Жайық пен Еділ өзендері аралығындағы жайылымға көз тікті.

С.Датұлы бастаған көтерілісшілер қойған талаптардың бірі - қазақтардың Жайық өзенінің батыс жағындағы – 1771-жылы қалмақтар тастап кеткен бос жерлерді пайдалану болатын. Бұл жерлерге қазақтардың көшіп келгені Ресейге де тиімді еді. Біріншіден, жақыннан арзанға мал өнімдерін сатып алып, өзінің сапасы төмен өнеркәсіп, қолөнер тауарларын қымбатқа сатуға мүмкіндік туатын еді, екіншіден, Жайық пен Еділ аралығындағы сауда жолдары қауіпсіздендірілетін.

Осындай жағдайда Кіші жүздегі хан кеңесінің төрағасы Бөкей Нұралыұлы Астрахань басшылығымен байланысып, патшаға өз қарауындағы қазақтармен Еділ-Жайық аралығына қоныстанып, мал ұстап, қоныс салуға рұқсат сұрап, өтініш жазды.

Патша өкіметі өзінің отарлық саясатын ойдағыдай жүзеге асыру үшін Кіші жүз қазақтарының «Ішкі жаққа» өтуіне рұқсат беру қажет деп тапты.

Император І Павел бұл өтінішті қабылдап, 1801-жылғы 11-наурызда сұлтан Бөкей Нұралиевті қарамағындағы қазақтарымен Қара, Сары өзендерден Каспий жағалауына дейінгі жерлерді жайлап, қоныс салуына рұқсат етемін деген жарлыққа қол қойды.

Кіші жүзден бөлек хандықтың құрылуы патша өкіметі үшін өте тиімді болды, себебі, Кіші жүз одан әрі бөлшектенді және патша өкіметінің Қазақстанды отарлаудағы ықпалы күшейе түсті.

Бөкей Ордасы шығыста Жайық шекара әскери шебімен, солтүстікте Жаңа өзен шебімен, батыста Астрахань казак әскерлері шебімен, оңтүстікте граф Безбородко мен князь Юсуповтың Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы жерлерімен шектелді.

Сол 1801-жылы күзде Бөкей сұлтанның бастауымен негізінен Байұлы тайпасының көшпелі қауымы Еділ мен Жайық өзендерінің аралығына қоныс аударды.

1812-жылы патша үкіметі Бөкей сұлтанға хан лауазымын бергеннен кейін, Ішкі Орда бұдан былай Бөкей Ордасы немесе Бөкей хандығы деп атала бастады.

Бөкей ордасында аз уақыт ішінде Кіші жүзден көшіп келушілер мен мал саны тез көбейді. Мысалы, 1814-жылы мұндағы 8500 шаңырақта 2 млн. 927 мың 237 бас мал болса, 1820-жылғы дерек бойынша Ішкі ордадағы 10234 шаңырақта 4,5 млн. бас мал болған.

Осылайша, XIX ғасырдың басында Еділ мен Жайық өзендерінің аралығында Ресей империясының қолдауымен және соған бағынышты хан Бөкей басқарған қазақ мемлекеті дүниеге келді.

1815-жылы Бөкейхан өлгеннен кейін ішкі Орданы уақытша Бөкейханның інісі Шығай басқарды. Ал, 1823-жылдан Бөкей Ордасына Бөкейханның баласы Жәңгір (1801-1845) хандық билік жүргізді.

1836-1837-жылдарда Бөкей ордасында болған көтерілістің шығу себептері, сипаты, қозғаушы күштері мен мақсаты.

XIX ғасырдың II ширегінде Бөкей ордасында феодалдық және отарлық езгі күшейе түсті. Бұл, әсіресе, жер мәселесінде айқын көрінді. Нарын құмына қоныс аударған күннен бастап, әрбір ру өздеріне қолайлы деген қоныстарға орналасты. Барлық жер мәселесін рулық старшындар мен билер реттеп отырды.

XIX ғасырдың 30-жылдарынан бастап Жәңгір хан қоғамдық жерлерді біртіндеп жеке адамдардың иелігіне өткізе бастады. Жер әуелі ханға қызметі жаққан сұлтандар мен билерге, өз ағайындарына үлестірілсе, кейін бай қазақтарға ақшаға сатылды. Мысалы, Жәңгірханның өзі жақын туыстарымен Торғын өзені бойынан 400 мың десятина, Қарауылқожа Бабажанов Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы 700 мың десятина, ноғай руын басқарушы Шомбал Ниязов 1 млн. 800 мың десятина, сұлтандар Шыңғали және Мүшеғали Ормановтар Қамыс-Самар көлдері маңайынан 700 мың десятина, сұлтан Меңдігерей Бөкейханов - 400 мың десятина, Беріш руының басқарушысы Балқы Құдайбергенов 300 мың десятина жерге ие болды. Осылайша, 4 млн. 700 мың десятина жер хан, сұлтандар мен рубасылардың иелігіне өтіп, халықтың пайдалануына барлық жердің 1/3 бөлігі ғана қалды. Көп жерлерге ие болған алпауыттар жерді шаруаларға жалға беріп, пайда тапты.

Мұның өзі, халықтың хан-сұлтандарға деген наразылығын күшейтіп, 1836-жылғы Бөкей ордасындағы көтерілістің шығуының басты себептерінің бірі болды.

Жәңгір хан өзін жақтаушыларға әкімшілік орындарды бөліп беру кезінде үлкендерден гөрі жасырақ сұлтандар мен старшындарды көбірек ұнатты. Ал, халық болса, өкімет басынан көбірек тәжірибе жинақтап ысылған, көпті көрген көнелер мен ескі салт-дәстүрді жақсы білетін адамдарды көруге дағдыланып кеткен-ді.

Ордадағы басшы қызметтерге жастарды тағайындау және олардың халықпен тәкаппар сөйлесуі, ел ішінде ханға деген өкпеназы мен наразылықтың тууына себеп болды. Губернатор Эссен сол кездің өзінде-ақ бұған Жәңгір ханның назарын аударып, халықтық дәстүрге абай болуға кеңес берген болатын.

Негізінен 2 түрлі хан ордасына жиналатын алым-салық та халыққа үлкен ауыртпалық әкелді. Алым-салықтың бірінші түрі - мемлекеттік салық-зекет, ал екіншісі, хан ордасын асырауға арналған соғым болды. Зекеттің мөлшері төмендегідей болып тағайындалды: 5 түйеден - 1 қой, 10 түйеден - 2 қой, 30 сиырдан - 1 өгіз, 60 сиырдан - 2, 40 қойдан - 1 қой, 120 қойдан - 2 қой. Зекеттен бір жылда хан ордасына 82 мың сомдай ақша мөлшерінде немесе 4 мың жылқы жиналатын. Соғым ханға әр үйден жиналды. Соғым арқылы ханға жылына 10 мың сом ақша түсетін. Тек 1836-жылы Жәңгір хан елден 18000 қой, 800 өгіз, 1000 жылқы, 700 түйе жинап алған.

Жәңгір ханның Петербургке баратын сапарларының бар шығыны да елден жиналды. Одан басқа елден киіз, жүн, былғары және басқалар жиналған. Мысалы, 1836-жылы хан 500 киіз жинатқан.

Көп мөлшерде жиналған әртүрлі салықтар халықтың әлеуметтік жағдайына әсер етіп, олардың феодалдарға деген наразылығын күшейтті.

Көтерілісшілердің ханға наразылығының бірі - Жәңгірдің 1833-жылы Қарауылқожа Бабажановты, бұрын старшын Исатай Тайманұлының қарауында болған Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы жерлерге басқарушы етіп тағайындауы болды. Қарауылқожа Бабажанов қарапайым халықты езуші ретінде, ірі өсімқор-саудагер ретінде, хан саясатын қолдап, оны жанын сала орындаушы ретінде белгілі еді. Оған қоса халықта ежелден келе

жатқан көзқарас бойынша Қ.Бабажановтың қожа тұқымынан шығуы себепті, оның қазақ руларын басқаруға хақысы жоқ еді.

Сонымен бірге, Бөкей ордасының қазақтары патша өкіметінің отаршылдық озбырлығынан үлкен зардап шекті. ХІХ-ғасырдың 20-жылдарынан бастап Каспий теңізінің Солтүстік жағалауын иемденген князь Юсупов, граф Безбородко сияқты помещиктер қар қалың жауып, қыс қатты болған жылдары қазақтардың малдарын қалың қамыс арасын ықтындап, паналауға жібермеді. Жіберген жағдайда сол үшін мал беріп, ақша төлеуі қажет болды. Мысалы, 1820-жылы теңіз жағалауындағы қамысты, сайлы, ықтасынды жерлерге қыстауға жібергені үшін қазақтар мал төлеген. Мұнымен бірге шаруалар қамыс шауып, мұз ойған. 1824-жылы теңіз жағалауын қыстаған шаруалар Юсуповтерге 7000 сом ақша төлеген. Оның үстіне 100 мың буда қамыс шауып беруге міндеттенген.

Жайық әскери кеңсесі Үлкен және Кіші Өзендер мен Қамыс-Самар көлдері маңайындағы мал жайылымы үшін қолайлы жерлерді қазақтардан өздеріне еріксіз алып қойған.

Бұл жағдайлардың қай-қайсысы да қазақ шаруаларының үлкен наразылығын туғызды. Бөкей ордасындағы 1836-1837-жылдардағы көтерілістің отаршылдық жүйеге қарсы бағытталуының себебі де осында еді.

Мінеки, 1836-жылы Бөкей Ордасы қазақтарының қолдарына қару алып көтеріліске шығуының басты себептері осындай болды.

Көтеріліс сипаты жағынан феодалдық және отарлық езгіге қарсы бағытталған халық-азаттық көтеріліс болды.

Көтерілістің қозғаушы күштері 2 жақты қаналған қазақ шаруалары еді.

Сонымен бірге, көтеріліске Жәңгір ханның елді басқару саясатына наразы старшындар мен билер де қатынасты.

Көтерілістің мақсаты Жәңгір ханның халыққа жасап отырған озбырлығына шек қою, шаруалардың жағдайын жақсарту, Қарауылқожа, Балқы Құдайбергенов сияқты зұлым билерді биліктен тайдыру, жер мәселесінде белгілі бір келісімге келу болатын.

Көтерілістің басталуы мен жүрісі. Тастөбе шайқасы.

Көтерілістің басы 1836-жылғы 24-наурызда Қарауылқожа Бабажановтың 800 адамды бастап, Манаш елді мекені (қазіргі Атырау облысы Исатай ауданы аумағында - Ш.А.) маңындағы Исатай

Тайманұлының ауылын қоршауы болып табылады. Алайда, Қарауылқожа тобы 200 сарбазбен өзіне қарсы шыққан Исатайлармен соғысуға бата алмай, кейін қайтуға мәжбүр болады. Бұрын ешкімнен тауы шағылмаған, қарамағындағы елге дегенін істеп әдеттенген Қарауылқожаның көтерілісшілерге ештеңе істей алмауы бүкіл Бөкей хандығына тарайды. Үстем тапқа ызасы кернеген шаруалар әр жерден жекелеп, тобымен, жаяу-аттылы Исатай мен Махамбет батырлардың қоластына жинала бастайды.

Көтерілісшілер өз алдына бөлек ел болып, топтанып, көшіп, шоғырланып жүреді. Көшу, қону, шаруашылық мәселелерін өздері кеңесіп отырып шешеді. Көтеріліс басында Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Уса Төлегенұлы, Иманбай Қалдыбайұлы және т.б. старшиналар болады. Езілген шаруалар аз да болса басқару тәжірибесі бар, мемлекетті, өлкені басқару тәртібінен хабардар, сол кезде оң мен солын айыра алатын билерді көтеріліс басшылығына сайлайды. Олардың ішінде Исатай Тайманұлы тәжірибелі, 20 жылдай ел басқарған, 3 рет ұсталып, 2 рет қамауда жатып, бірталай қиындық көрген. Ол сөзге шебер, сөйлескен кісісімен тіл табыса алатын, әрі алғыр, батыл адам болған. Оның кедей, сүйенері жоқ шаруа үшін билермен, ханмен айтысқандары, олардың озбырлығын, әділетсіздігін әшкерелеп, сөйлегені ел аузында сақталған. Хан мен Қарауылқожадан қорлық көріп, жапа шеккен адамдардың қашып келіп, Исатайға паналауы да содан еді. Бұлар топтала, көбейе келіп, көтерілісшілердің алғашқы тобын құрады.

Исатай Тайманұлына жалынды шешен, дарынды суырып салма ақын Махамбет Өтемісұлы келіп қосылды. Ол сол уақытта халық арасында шешендігімен, өр мінезділігімен бірге, қарапайым халықтың мүдделерін қорғауымен де мәлім еді. «Махамбет – ел жұртты дабылдатып, көтеріліс рухын көтерген батыр-жырау, көтеріліс жыршысы» (М.Қозыбаев) болды.

Исатай Тайманұлы 1836-жылы маусым айының аяғында 17 жолдасымен, ішінде Тоғай Бегәліұлы, Уса, Есет Төлегенұлдары, Қамбар, Тінәлі Тайсойғанұлдары, хатшы ретінде үлкен ұлы Жақияны ертіп, Тасобадан шығып, ханға билерден «көрген жәбірімізді шағым етеміз», - деп Қандығашқа қарай жүреді. Бұл хабар елге тез жайылады. Исатайларға «ханға мұңымызды біз де айтамыз» деген шаруалар жолда қосыла береді. Толыбай деген жерге келгенде

Исатай мен Махамбет тобы 100 адамнан асады. Бұдан хабардар Жәңгір хан өзінің билері мен сенімді адамдарын өзі тұрған Қандыағашқа шұғыл шақыртып, ақылдасып, әр түрлі шаралар белгілейді. Көтерілісшілерге елшілер жіберіп, олардың арызын алады, өздерін кейін қайтарады.

Исатай мен Махамбет 1836-жылдың жазында өз төңірегіне патша өкіметіне және үстем тапқа наразы шаруаларды топтастыра береді. Байлар мен билерден зорлық көрген шаруалар бір-бірлеп, тіпті тобымен кейде ауыл болып, көтерілісшілерге қосыла бастайды. Қарауылқожа мен Балқы, Төлеген Тыныштықов пен Шомбалдың, Айғана мен Қарабөкен сияқты озбыр билер және байлардың қарауындағы шаруаларға қоса бүкіл Самар даласындағы ауылдардан, Жайық бойынан көптеген адамдар келеді. Мысалы, би Айғананың қарауынан 39 адам, би Төлеген Тыныштықовтан 30 адам, Ағым Айболатов деген би старшинадан 24 адам, Қарабөкен бидің қарауынан 14 адам, старшина әрі ірі бай болған Жұмағазы Баяровтан 15 адам қашып, көтерілісшілерге барып қосылады. Нарын құмынан Исатайға 10 ауыл, Төлеген Серекенов 30 үйлі ауылымен келіп қосылады.

Осы кезде көтерілістің басынан аяғына дейін жүрген, Орынбор губернаторы жіберген тергеуге қатысқан Медет Шөкин деген сұлтан ханға жазған рапортында “көтерілген шаруалар ешкімге бағынбайды, өз алдына бір республика” деп жазады.

1836-жылдың қараша, желтоқсан айларында көтерілісшілердің жалпы саны 700-800 адамға жетеді. Олар Қарауылқожа мен Балқының т.б. би-старшина, қожа мен сұлтандарға шабуыл жасап, өз теңдігін алуға тырысты. Ең алдымен Қарауылқожаның сыбайластарына, оның баласы Көпболсынның өзіне шабуылдады. Жәңгір хан 1836-жылғы 25-желтоқсанда губернаторға хат жазып, Исатай мен Махамбеттің қимылын барынша сұрқия етіп суреттеп, Қарауылқожаның губернаторға жазған шағымына көңіл бөлу қажеттігін айтады.

1837-жыл - көтерілістің жана шарықтау кезеңі болып табылады. 1836- жылы көтеріліс негізінен Каспий теңізінің солтүстігінде басталып өрістесе, 1837-жылы көтеріліс бүкіл Бөкей ордасын қамтыды. Сондай-ақ, 1836-жылы көтерілісшілер қатарында 700-1000 қарулы адам болса, ал 1837-жылы олардың саны 3-5 есе артты. Енді

көтерілісшілер үлкен күшпен және ашық Қарауылқожа, Балқы, Шомбал сияқты билер мен ру басқарушы сұлтандарға қарсы шығып олардың аулына, ақырында ханның өзіне ұмтылды.

Бұл көтерілістің бір ерекшелігі - шаруалар бұған дейінгі рулық, аталастық, ағайындық түсінікті жайына қалдырып, өздерінің таптық мүддесін ұстайды. Көтерілісшілер құрамы Байұлы және Жетірудың, Әлімұлы тайпаларының 25 руының, Төлеңгіт пен Ноғай қазақтардың езілген шаруаларынан тұрады.

Көтерілісшілер 1837-жылғы 4-маусымда ертемен Теректіде тұрған Балқы Құдайбергеновтың ауылын шабады. Ұрыс ұзаққа созылады. Қаруы түгел, күні бұрын күтініп отырған Балқы адамдары бар күшін салып арпалысады. Түске жақын ғана Қабыланбай, Уса бастаған 62 көтерілісшілер Балқының адамдарын талқандап, үйін тартып алып, оның елден жинаған дүниелерін 20 түйеге арттырып, шаруаларға алып кетеді.

Көтерілісшілер бұл уақытта біз ханға бағынбаймыз, одан да бізді башқұрттар сияқты орыс әкімшілігі басқарсын деген пікірді ашық айтады. Исатай мен Махамбет талай рет Жәңгір ханға, Орал әскерінің атаманына, Орынбор, Астрахань губернаторларына өздерінің мүшкіл, езілген халін айтып, би мен сұлтандарға қарсы тиісті шара қолдануды талап етеді. 1837- жылдың 11-маусымында бір топ адам қалың ел атынан губернатор Перовскийге хат жазады. Онда «Жәңгір хан әділ билік жасамайды, елге қысым көрсетеді, сұлтандар мен билер бізді мүлде қанайды. Олар біздің малымыз бен нәрселерімізді тартып алып, қара халықты жәбірлеп, қорлап, сабап, тіпті жарақаттайды. Сұлтандар мен билер халыққа ойына келгенін істейді. Сұлтан өзінше, би өзінше билейді және хан олардың қиянаты туралы жазылған шағымды қабылдамайды», - дей келіп, губернатордан Жайық жағына көшіп келуге рұқсат сұрап, казак-орыс әскері ретінде Россияға қызмет жасауға әзірлігін білдіреді.

1836-жылдың соңында Бөкей ордасындағы шаруалар көтерілісінің жаңғырығы Ресей астанасы – Санкт-Петербургке де жетеді. Император І-Николай «бүлікшілерді» қатаң жазалауды талап етеді.

Патша әкімшілігінен ешбір көмек болмайтынына көзі жеткен көтерілісшілер өздерінің қанаушыларға қарсы күресін кеңейте, күшейте түседі. 1837-жылдың қыркүйек, қазан айларында көтеріліс

кеңінен етек алып, бүкіл хандыққа жайылады. Сондай-ақ өзінің сипаты, күші жағынан да дамып, әбден шарықтау шегіне жетеді.

1837-жылдың 16-қыркүйегінде Исатай мен Махамбет батырлар бастаған 200-ден астам сарбаздар халыққа әбден жеккөрінішті Қарауылқожа Бабажановтың ауылын шабады. Бұл соғыста 50 шақты қожа адамдарын қолға түсіріп, қожалар ауылының 550 жылқысын, 95 түйесін алып, кедейлерге үлестіреді. Ертеңінде тұтқындалған 50 адамның 30-ын босатып жібереді.

Исатайлар хандықтың барлық жерін түгел аралап, ондағы шаруалар бұқарасын көтеріліске шақырып, хан адамдарының дүниесін, малын алып, шаруаларға үлестіреді. Исатай Тәуке Нұралиев, Медет Шөкин т.б. сұлтандарды ұстау үшін 100 адамын, Тананың озбыр биі Жақанға 60 адамын жібереді. Бұл кезде шаруалар Исатайдың айтуынсыз-ақ өз беттерімен барып, қожалардан, билерден, сұлтандардан кегін алып жатты. Кек кернеген айқаста көптеген сұлтандар халықтың қаһарына төтеп бере алмады. Шөке, Тәуке, Жанбөбек, Тоғым, Медет, Ақжан т.б. сұлтандардың ауылын көтерілісшілер тас-талқанын шығарды.

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілісшілер 15-қазанда Балқы бидің қонысы Теректіге шабуыл жасап, оның ауылын талқандап, енді хан ордасына карай бет алды. Бұл кезде Бөкей хандығы түгелдей дерлік Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілісшілердің қолына өтіп еді. Хан үкіметінің қолында тек хан ордасы қалған.

Хан әр жерден қашып келген өз адамдарынан әскер құрап, оған Шомбал бидің әкелген 100 ден астам адамын қосып, қорғануға тырысады. Орданы айналдыра ор қаздырады. Сонымен қатар Шыман Ормановтың айтуымен Исатайға елші жіберіп, «Халқымның қандай тілегі бар екен айтсын ойланайын, сол үшін 10 күн мерзім берсін» - деп «рұқсат» сұрайды. Бұған көптеген көтеріліс басшылары келіспей, олар Исатайға хан сөзіне сенбейік, бұл оның бізді талай рет алдауларының бірі ғой деген кеңестерін айтады. Исатай ақылды, сақ, байсалды, ұстамды адам болды. Жәңгір ханның патша өкіметінің зеңбірегіне сүйенетінін білетін батыр бір сәт халық талабын ханнан тек ақылмен, айбармен ғана орындауға болатынын түсінсе керек. Бірақ хан патша әскерін шақыртса, оған көтерілісшілердің қарсы қояр зеңбірегі, үйретілген әскері жоқ. Сондықтан, Исатай ханға 10 күн

мұрсат беріп, негізгі талаптарын орындатуға, соның ішінде елге патша әскерін шақыртпауды мақсат етеді.

Сөйтіп, көтерілген шаруалардың алқа жиыны нағыз шешуші кезеңде батыл қимыл жасауға бармай, өз сенімін, тағдырын көсемі Исатайдың билігіне сеніп тапсырады. Ал, Исатай көп толқудан, ойланудан кейін ханмен келіссөз жүргізуге бел байлайды.

Бұл кезде Орынбор губернаторы В.А.Перовский көтерілісшілерді қоршап алып, жою жоспарын жасайды. Ордаға Жәңгірханға көмекке Кулагин, Горск қамалдарынан, Зеленов форпостынан жақсы қаруланған тұрақты және қазақ бөлімдері мен жекелеген әскери бөлімшелер аттандырылады. Орынбордан көтерілісшілерге қарсы бүкіл операцияны үйлестіріп, басқару үшін подполковник Геке жіберіледі. Ол қазанның 24-де Оралға келіп, мұнда көтерілісшілерді талқандау жөнінде жоспар жасап, жорыққа дайындалып жатқан отрядтарды күтпестен 24 атты казакты ілестіріп алып хан ставкасына жүріп кетеді. 26-шы қазанда Глининск бекінісіне келіп, мұнда ол Исатай 2500-3000 адамымен хан ордасын қоршағанын және Исатайдың адам жіберіп ханмен келіссөз жүргізіп жатқанын, бірақ оның нәтижесінің әлі белгісіз екенін естіп, біледі. Қазанның 28 де Геке Глининскіден шығып, 30-шы қазанда хан ордасына жетеді.

«Бүкіл байтақ дала үрейлі толқын үстінде, - деп жазады подполковник Геке,- біреулер көздеген мақсатқа жетеміз деген ниетпен, енді біреулер кездейсоқ ажалдан қорыққандықтан, барлығы бір кісідей жұмыла Исатай жағына тартылған».

Бұл кезде Орал қазақ әскерінің Төменгі Жайық линиясының бастығы ротмистр Акутиннің өзі 600 солдатты дайындап, 150 жазалаушы әскер мен 29-қазанда Ішкі Өзен линиясына аттанады. Көтерілісті басатын қазақ әскерлерін басқару үшін генерал Покатилов 6 есаул, 12 урядник, 5 жүзбасы жібереді. Жәңгір ереуілшілер екпінінің қатты екенін ескеріп, Астрахань губернаторынан зеңбірек сұратады. Астраханнан подполковник Алиев бастаған 300 атты қазақ пен екі зеңбірекші отряд хан ордасына 10-шы қарашада келіп жетеді.

Сөйтіп, көтерілісшілерге қарсы бұл кезде жан-жақтан жазалаушы әскерлер келе бастайды. Гекенің нұсқауымен полковник Меркульев бастаған 400 казак Жайық линиясынан тура Жаманқұмға тартады да, бұларды естіп қаша көшкен Исатайдың, т.б.

көтерілісшілердің отбасын қолға түсіреді. Бұл хабар жетісімен Жасқұстағы көтерілісшілер арасы қожырай бастайды. Енді әйел, бала-шағаны қорғау қажет болады. Исатай 5-қарашаға қарай түнде Жасқұсты тастап, 300 кісімен Жаманқұмға кетеді.

7-қарашада Геке 450 адамымен хан ордасынан шығып, Теректі қонысына қарай жүреді, жолшыбай линиядан келген 234 адамнан құралған отрядты, одан кейінгі екі зеңбірекпен келген 40 солдатты қосып алады.

Сөйтіп, Геке 12-қарашада Теректі құмына жетіп, кешінде Меркульев отрядымен кездеседі. Нәтижесінде бұл отряд 400-ден астам хан жасақтары мен 700 солдаттан құралады. Енді жазалаушы отрядтардың негізгі күші бірігіп, олардың саны 2000-ға жетеді. Геке ертеңіне Жаманқұмға жетіп, сол арадан 25 шақырым жердегі Бекетайға, одан 15-қараша күні таңда Тастөбеге келеді. Осы Тастөбеде көтерілістің І-кезеңінің тағдырын шешкен шайқас болады. Ұрысты бірінші көтерілісшілер бастайды. Олар жазалаушылар әскеріне қарсы оқ ата бастайды. Геке зеңбіректен ядромен атуға бұйрық береді. І-ші ядро олардың ортасына түседі. Осыдан соң қаны қызып, арқасы ұстаған батыр зеңбіректі әскерге қарсы өзі бастап ашықтан-ашық ат қояды. Шабуылдың күтпеген жерден жасалғаны соншалық, оны күтпеген жазалаушы отрядтың бір шеті ойсырыла кейін шегінеді. Алғашқы кезде тыпыршып алға ұмтылғыштап шайқасуға асыққан солдаттардың пысы басылып, берекеті кетіп, сасқалақтап, сапы бұзылады. Мұны Гекенің өзі де Перовскийге жазған рапортында: «Атқа жақсы отыратын және найзаны шебер ұстайтын қазақтар солдаттардың қатарын қаусата берді. Солдаттардың ә дегенше пысы басылып қарқыны кайтып, сапы сейіле бастады. Біздің арамызда абдырау пайда болды», - деп мойындайды. Қатары бұзыла бастаған солдаттарын уақытында басқара білген Геке олардың сапын жөнге келтіріп қана қоймай, екі зеңбіректі өте жақынға әкелдіріп, көтерілісшілерді дәл көздеп картельпен атуға бұйрық берді. Қалың топтың ортасына екі-үш мәрте түскен зеңбірек оғы көп адамды қырып салады. Осыдан кейін-ақ көтерілісшілердің қатары бұзылып, сейіле бастайды. Сол уақытта солдаттар есін жиып, Гекенің бұйрығымен шабуылға шығады, ал көтерілісшілер шыдай алмай кейін серпіледі.

Солдаттар кері шегінген көтерілісшілерді 7 шақырымдай жерге дейін қуып, кейін қайтады. Бірақ Геке бұл шайқасты толық жеңіс деп есептемейді, себебі көтеріліс көсемдерінің бірде-бірі қолға түспеген еді.

Тастөбеде қолға түспеген Исатай Тайманұлының басына, оны тірідей ұстағанға 500 күміс ақша тігіледі. «Оны өлтірген адамға сол ақшаның жартысы беріледі» - деп жарияланады. Алайда, ешкім де Исатайды жазалаушылар қолына ұстап бермейді. Керісінше, халық оны және оның сарбаздарын қажетті азық-түлікпен, көлікпен қамтамасыз етіп отырды.

15-қарашада Тастөбедегі шайқаста көтерілісшілердің жеңілуінің, көтерілістің бұдан былайғы жүру барысына үлкен әсері болды. Исатай мен Махамбеттің көтерілісшілердің сейілген қатарын қайта біріктірмек болған әрекетінен ештеме шықпады. Соғыс тәсілінен хабары жоқ қазақтар жазалаушы отрядтармен күрес амалын білмеді, өзара бірігу қажеттігін жете түсіне алмады. Көтерілісшілер әр жаққа шашырап, бытырай берді. Исатайдың қасында ең сенімді жігіттер ғана қалды. Исатай мен Махамбет батырлар бастаған 1836-1838-жылдардағы феодалдық езгіге қарсы бағытталған халық көтерілісінің І-кезеңі осылайша жеңіліспен аяқталды.

Көтерілістің Кіші жүзде өрістеуі. Ақбұлақ шайқасы.

1837-жылғы 13-желтоқсан күні таңда Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған 35 еркек, 3 әйел (Исатайдың кіші әйелі Несібелі, балдызы Бағлан Әлішқызы және енесі) Жайық өзенінің мұзы арқылы қазіргі Махамбет (бұрынғы Жаманқала форпосты) және Сарытоғай селоларының аралығынан Кіші жүз бетке өтеді.

Сол күні таңертен Сарайшық бекінісіне жақын жердегі ауылдардың біріне қонып шыққан сұлтан Б.Айшуақов Исатай тобының Жайық өзенінен Кіші жүзге өтіп кеткенін естиді. Есаул Сафонов, хорунжийлер Мизинов пен Бородин бастаған қазақтар жүздігі, ішінде билеуші-сұлтан Б.Айшуақовтың туыстары және М.Таукин бар сұлтандар, старшиналар, билер тобы Исатайлардың артынан Қарабау, Қаракөл жаққа қарай дереу қуғын ұйымдастырады.

Исатайлар тобы Тайсойған арқылы Сайқұдық сорына өтіп, одан Барлыбай моласына жақын жерде Қос үйде түнейді. 14-желтоқсан күні Сағыз өзені бойындағы Бұрма сайына түнеп, 15-күні таңда Қояндышоқы тауына қарай жүріп, Сағыз және Қайнар өзендерінің

аралығына қонады. Төртінші күні Қайнар өзеніне жақын Біркұдық мекенінің үстімен Иманқара тауына жетеді.

Ал құрамында 63 қазақ, 2 урядник және т.б. адамдар бар Баймағамбет сұлтанның қуғыншылары Исатайларды 18 күн тынымсыз іздеп, ақыры оларды таба алмай, аттары арып, өздері қажып, шаршап 31-қаңтар күні Горск қамалына қайтып оралуға мәжбүр болады. Исатайлар Борсық құмына жетіп, онда Жүсіп Құлтанұлы деген патша әкімшілігіне наразы бидің ауылын паналайды.

Исатайлар Шекті руының Назар тайпасының ауылына Желтау, Доңызтау жағына барып, 1838-жылдың қаңтар айының аяғынан бастап сол өңірде 1 ай болады. Қарабау, Қаракөлден бастап Желтауға дейін Исатай мен Махамбет тобы жергілікті ел арасынан күш, көмек алып отырады. Жүрген жерлерінде өздерінің көп жылдан бергі күресін, оның мақсатын елге әйгілеп, патша мен Жәңгір ханның біріккен күші арқасында шегінуге мәжбүр болғандығын айтып, оларға қарсы күреске халықты үгіттейді. Олар елден тамақ, киім, киіз үй және т.б. қажетті нәрселерді алып, көліктерін ауыстырады.

Исатайдың Кіші жүзге өтуі осы өңірде сұлтан Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтерілістің әсерімен кең тарала бастаған шаруалар қозғалысымен қатар келді. 1838-жылдың басында Орталық Қазақстаннан батысқа қарай ойыса бастаған Кенесары отрядтарын Торғай бойын қоныстанған Қыпшақ, Арғын, кейіннен Жағалбайлы, Табын рулары қолдады. Елек өзені бойында көшіп жүрген батыр Жоламан Тіленшіұлының жасақтары Кенесарыға қосылды.

Исатай мен Махамбет 25-наурызда Доңызтауға келіп, Байтөре Тоқпанұлының үйінде Кіші жүзде өршіп келе жатқан азаттық күресті басқаруды өз қолдарына алады. Қасындағы жолдастарын жан-жақтағы ауылдарға жіберіп, үгіт жұмысын күшейтеді. Мысалы, Махамбет жұртшылық арасында өздерінің соңғы жылдардағы күресін әңгіме, өлеңмен жеткізеді. Махамбеттің әсерлі жырлары шаруаларды азаттық жолындағы күреске жігерлендіреді.

Исатай мен Махамбет патша әкімшілігі мен хан, сұлтандарға қарсы күреске жергілікті халықтың әр түрлі әлеуметтік топтарын біріктіруге күш салды. Олар отарлық езгіге қарсы тек қана жерден айрылған Жайық, Елек, Қалдығайты, Қиыл, Өленті, Бұлдырты, Ақбұлақ, Ор өзендері бойынан қуғын көріп келген шаруалар ғана

емес, Бозашы Адайлары мен Жем, Сағыз бойларының шаруаларын да біріктіруді қолға алды.

Қ.Қасымов бастаған көтерілістің Кіші жүзге ойысуы, оған батыр Ж.Тіленшіұлының қосылуы 1838-жылғы көктемде Исатай мен Махамбет бастаған қозғалысқа да өз әсерін тигізеді. Олар көтерілісті кең көлемде өрістету мақсатында Ресей патшалығының отаршылдық саясатына қарсылардың бәрімен де одақтасуды қажет деп шешеді. Ол үшін алдымен Маңғыстауда өзін ханмын деп жариялаған сұлтан Қ.Есімовпен күш біріктіруді ұйғарады. Егер И.Тайманов пен Қ.Есімовтың қалың қолы болашақта К.Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтеріліспен қосылған жағдайда патша өкіметінің 60-жылдары Қазақстанда отарлауды аяқтауы екіталай болған болар еді.

1838-жылдың көктемінде Кіші жүздің Әлім бөлімінің халқы негізінен Исатай мен Махамбет бастаған азаттық көтерілісті қолдады. Алайда, сол кезде Әлім мен Адайлар өзара қырғи-қабақ жағдайда болды. Ал Ресей отаршыларына қарсы күресу үшін Әлім мен Адайлардың бірлігі өте қажет болатын. Осыны ескерген Исатай 1838-жылдың мамыр айында Сам деген жерде Әлім мен Адайды татуластырады. Осы мезгілде Адайлар көрші түрікмендермен де келіспеген. Исатай Тайманұлы түрікмендерді Ресейге қарсы күресте одақ ету үшін Адай мен түрікменді сөйлестіріп, бұл екі елді тағы біріктіреді.

Б.Айшуақов өз тыңшыларының мәліметіне сүйеніп, Орынбор Шекара комиссиясына Исатай Адай, Шекті, Табын және т.б. рулардан 2 мыңдай кісі жинап, Көкпектіде 11 күндей болды, сонымен бірге Исатайдың өзі Шектінің Тілеу, Қабақ, Қаракесек тайпаларын аралап, жергілікті халықты көтеріліске шақыруда деп хабар салады. Осы кезде Жем өзені бойындағы Көкпектіден шыққан көтерілісшілер шілде айының басында Қиылдың Ойылға құятын жеріндегі Ақшат деген жерге келіп орнығады. Бұл кезде көтерілісшілердің саны 3 мыңға жеткен еді.

Осының бәрі көтеріліс басшысы Исатай Тайманұлының үлкен ұйымдастырушылық қабілетін байқатады. Исатай көтеріліске әлеуметтік құрамы әртүрлі топтарды, яғни езілген кедейлермен бірге ауқатты адамдарды, тіпті билер мен сұлтандарды да жұмылдырған. Олардың бәрінің Исатайға еру себебі - патша өкіметінің отаршыл

қолының Кіші жүз аумағын шеңгелдеп, соның салдарынан қазақтардың ежелгі мекені мен егемендігінен айрылуы еді.

Осы кезде сұлтан К.Қасымов бастаған көтерілістің Кіші жүз жеріне тарай бастауы патша өкіметіне И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған көтерілісті тездеп басу қажеттігін күн тәртібіне қойды. Оның үстіне Хиуа хандығынан көмек алып, өзін "Кіші жүздің ханы" деп жариялаған Қайыпқали Есімов әскерлерінің Исатайлармен қосылуы патша өкіметі үшін жағдайды күрделендіріп жіберді. Көтерілісшілердің екі басты тобының қосылуынан қауіптенген губернатор В.А.Перовский көтерілісті талқандауға бар күшті жұмылдырды. Орынбордан Исатайды қолдаған Жоламан Тіленшіұлын талқандау үшін бір кезде Жоламан батырда тұтқында болған атаман Падуров және Исатай мен Махамбеттің ескі танысы полковник Геке басқарған ірі әскер күші жіберілді.

Көтерілісті басу үшін жіберілгендердің құрамында Орынбор полкының 250 әскері, Елек казак әскерлерінен 50 адам, ІҮ-Орал казак полкынан 100 адам, жаяу әскерден 50 адам және 2 зеңбірек болды. Отрядқа екі еселенген патрон беріліп, бір айға жететін азық-түлікпен қамтамасыз етілді.

Жазалаушылар отрядын басқарған полковник Гекенің алдында "бүлікшілер тобын ыдырату және көтеріліс басшыларын тұтқындау" (Рязанов А.Ф.) міндеті тұрды. Сонымен бірге Геке сұлтан Қайыпқали Есімов тобын да талқандауға тиіс болды.

Осы мезгілде Горск бекінісі жағынан құрамында Орал полкі қазақтарының жүздігі бар билеуші-сұлтан Б.Айшуақов та шығады.

Орынбордан үлкен отрядты бастап шыққан полковник Геке 10-шілдеде Қобда өзенінен өтіп, оңтүстікке карай жүріп, 500 жасағы бар Баймағанбет сұлтанмен кездеседі. Олар түнімен 50 шақырым жол жүріп, танда Ақбұлақ өзеніне жетіп тоқтайды.

Осылайша, полковник Геке басқарған патша өкіметінің жазалаушы әскері 11-шілдеде ұзын саны 3 мыңдай көтерілісшілерге жақындап келді.

Үш мыңдай сарбазбен Темір өзені бойында тұрған Исатай мен Махамбет Қ.Есімовпен алға карай не істеу керектігі туралы кеңесе келе, мынадай шешімге келеді: Қайыпқали негізгі әскер күшімен Қиыл өзені бойында тұрып, әлі де жан-жақтан сарбаздар жинай береді, ал Исатай мен Махамбет Елек қалашығынан 60 шақырым

жердегі Суықбұлақта орналасқан билеуші сұлтан Б.Айшуақовтың ордасын талқандайды.

Егер Исатай мен Махамбеттің бұл жоспары іс жүзіне аса қалған жағдайда, Кіші жүздің батыс бөлігіндегі саяси жағдай үлкен өзгеріске ұшыраған болар еді. Жұртқа әбден жеккөрінішті болған патша өкіметінің отарлық саясатын жүргізуші Баймағанбет сұлтанның көзі жойылған жағдайда осы аумақтағы қазақтардың толықтай көтерілісшілерге қосылуына мүмкіндік туған болар еді. Сөйтіп, көтерілістің жаңа сатыға көтерілуі әбден мүмкін болатын. Осыны ойлаған И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы қарауына 500 жігітті іріктеп алып, шілде айының бас кезінде Қиыл өзенінен Суықбұлаққа қарай аттанады. Осымен бір мезгілде ел арасында Қайыпқали мен Исатай әскерлерінің көбін таратып, өздері оңтүстік далалық аймаққа қарай ауысты, сондықтан да бұдан былай Баймағанбет сұлтанға да, шекараға да ешқандай қауіп жоқ деген лақап тарайды.

Дегенмен, Исатайлардың ойлап тапқан қулығы сәл ғана жүзеге аспай қалады. Полковник Геке әскерінің Баймағанбет сұлтанның жазалаушы тобымен кездескенінен хабарсыз Исатай мен Махамбет тобы Қ.Есімовтың сарбаздарынан бөлініп, билеуші сұлтанның ордасын талқандауға бет алады.

Олар 1838-жылғы 12-шілде күні таңертең Ақбұлақ өзенінің жағасында Геке мен Баймағанбет сұлтанның біріккен әскерінің үстінен шығады. Әскер күші жағынан тең емес осы шайқаста Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтерілісшілер асқан ерлік көрсетеді. Алайда, мұнда да Тастөбедегі сияқты ұрыс тағдырын зеңбіректер шешеді. Зеңбірек оғы түскен жерлерде талай сарбаздар қаза табады. Исатайдың атына оқ тиіп, ол казактармен жаяу шайқасады. Ақбұлақ өзені жағасындағы кескілескен ұрыста көтеріліс басшысы Исатай мен оның 16 жасар ұлы Оспан қаза табады.

Көтеріліс басшысы Исатай Тайманұлы 12-шілде күні қапылыста қаза тапқаннан кейін көтеріліс одан әрі дамымай, сарбаздар жан-жаққа бытырап кетеді. Қайыпқали Есімов Хиуаға қашады.

Осылайша, бас-аяғы 6 айға жетпейтін қысқа уақытты қамтыған, аумағы мен сарбаздардың саны жағынан 1836-1837-жылдарда Бөкей ордасында болған көтерілістен асып түсетін бүкіл Кіші жүзді дүр сілкіндірген Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған бұл көтеріліс те жеңіліске ұшырады.

Көтерілісшілерді қатаң жазалау.

Көтеріліс жеңілгеннен кейін елде үлкен жазалау шаралары жүрді. Геке, Падуров, Мансуров сияқты полковниктер бастаған әскерлер көтеріліске қатысқан ауылдарды шауып, малдарын тартып алды. 1838-жылы 24-қыркүйекте полковник Мансуровтың жазалаушылары Төртқара, Қаракесек руларының ауылдарын шауып, 486 түйені, 435 мүйізді ірі қараны, 71 119 қойды және 317 ешкіні қолдарына түсірді. Осы мал Орск бекінісіне айдап апарылып, сатуға шығарылды.

Қолға түскен көтерілісшілер екі топқа бөлініп сотталды. Әскери соттың шешімі бойынша қылмыскерлердің бірінші тобына жатқызылған көтерілістің белсенді басшыларының тағдырын генерал-губернатор В.А.Перовский мен полковник Геке белгіледі; екінші топтағыларға 25-тен 50-ге дейін қазақтың дойыр қамшысымен дүре соғу белгіленді.

Әскери сотпен сотталған И.Тайманұлының баласы Жақия Исатаевты 250 солдаттың арасынан дүрелеп 3 рет жүргізу, одан соң Финляндиядағы Динабург қамалы құрылысына 3 жылға қара жұмысқа салу, одан кейін солдатқа беру және Иркутск губерниясына мәңгі жер аудару жазасы белгіленді. Қожахмет Өтемісұлына 550 адамдық қатардан екі рет өткізіп дүре соғу, одан соң Ригаға 8 жылға крепостниктік жұмысқа айдау, одан кейін жарамды болған жағдайда солдатқа беруге; Сүлеймен Өтемісұлына 1000 дүре соғылып, 6 жыл Ригаға қара жұмысқа, одан кейін Сібірге жер аударуға үкім шығарылды. Тұтқынға түскен басқа да көтерілісшілер қатаң жазаланды.

Патша өкіметінің жазалаушыларды марапаттауы.

Көтерілісті қанға бояған қазақ феодалдары және казак әскерінің офицерлері мен көзге түскен солдаттары патша өкіметі тарапынан үлкен марапатқа ие болды. Көтерілісті басуда ерекше көзге түскендерге офицерлік шен, ақшалай, заттай қымбат бұйымдар берілді. Подполковник Алиев 3-дәрежелі Қасиетті Анна орденімен, Геке полковник атағын алып және 3-дәрежелі Владимир орденімен, Исатай Тайманұлын өлтіруге тікелей қатысқан И.Богатырев, Л.Зеленин ордендермен марапатталды. Сұлтан Баймағанбет Айшуақовқа да полковник атағы берілді. Көтеріліс басшысы

И.Тайманұлын өлтіруге қатынасқан 15 казак әскері мен 3 қазаққа 250 сом сыйлық берілді.

Көтерілістің жеңілу себептері мен маңызы.

Осылайша, Бөкей ордасының старшыны батыр И.Тайманұлы мен ақын М.Өтемісұлы ұйымдастырып басқарған, 3 жылдай кең сахараны дүбірлеткен халық-азаттық көтеріліс жеңіліспен аяқталды. Ол заманда басқаша болуы мүмкін де емес еді. Көтерілісшілерге хан мен сұлтандар, патша үкіметінің жақсы қаруланған, арнайы дайындықтан өткен әскерлері қарсы тұрды. Көтерілісшілер Қазақстанның басқа аймағындағы, соның ішінде Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыспен байланыс жасап үлгермеді. Көтерілісшілердің қару-жарағы да мейлінше нашар болды. Нақты бағдарламаның болмауы, ұйымшылдықтың жетіспеуі де, жеңіліс себептерінің бірі болды. Көтерілістің жеңілуінің тағы бір себебі - оған қатынасушылардың әлеуметтік құрамының әртүрлілігі еді. Қозғалысқа тек қана шаруалар емес, сонымен бірге би, старшындар да қатынасты және олардың әрқайсының көздеген мақсаттары әртүрлі болды. Мұның өзі көтерілістің жүру барысына әсерін тигізбей қойған жоқ.

Көтеріліс жеңілгенмен де ол Қазақстанның батыс бөлігінің Ресей империясы құрамында кейінгі дамуында терең із қалдырды. Сұлтандық топ пен Жәңгір сарайының алым-салықты жылдан-жылға көтеруіне белгілі дәрежеде шек қойылды; патша үкіметі көтерілісті колдаған қазақ ауылдарының старшындарымен санасуына тура келді. Бұл көтеріліс Бөкей ордасында хандық биліктің әлеуметтік негізінің әбден әлсірегендігін көрсетті. Көтеріліс басшылары Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының еңбектерінің тарихи маңызы - неше бір қиындық пен азапқа карамастан азаттық жолындағы ұлы дүбірді ұйымдастырып, бостандық пен теңдікті қажет болған жағдайда қарудың күшімен, күрес жолымен жеңіп алуға болатындығына езілген халықтың көзін жеткізіп, сенімін арттыра түсуінде болды. Олардың күресі мен арманы қалың жұрт санасында өшпес орын алып, оларды болашақ күреске жігерлендірді. Олар өлкеде езушілерге қарсы күрес туын жоғары сатыға көтеріп, әлеуметтік бостандық жолындағы күрес эстафетасын жаңа ұрпақтарға жалғастырды.

II Бөлім.

Негізгі және орта мектептің 8-сыныбында көтерілісті оқыту мәселелері

XX-ғасырдың соңы мен XXI-ғасырдың басы - Қазақстандағы барлық сатыдағы мектептер (негізгі, орта, арнаулы орта және жоғарғы) үшін жаңару мен қайта құрулар кезеңі болып отыр.

Жүргізіліп жатқан реформаға сәйкес тарих пәні оқулықтары қайта жазылып, соған сәйкес жаңа бағдарламалар жарық көруде. Сол оқулықтардың бірі - 8-сыныпқа арналған тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Қасымбаев дайындаған “Қазақстан тарихы”. Тарихшы мұғалімдер жылы қабылдаған бұл оқулық 2004-жылдан бастап кейбір толықтырулармен “Мектеп” баспасынан шыға бастады.

а) Оқулықтағы тақырыптың терең мазмұны.

Осы оқулықтың 11-параграфы 1836-1838-жылдары И.Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған Бөкей (Ішкі) ордасы мен Кіші жүздің батыс бөлігінде болған халық-азаттық көтеріліске арналған. 11-параграф тақырыбы: "1836-1838-ЖЫЛДАРДАҒЫ БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ШАРУАЛАР КӨТЕРІЛІСІ" - деп аталады. Тақырып 1.“Бөкей ордасының құрылуы”; 2.“Шаруалар көтерілісінің басталу себептері және оның барысы”; 3.“Патшаның көтеріліске қарсы шаралары”; 4.“Көтерілістің бәсеңдеуі”; 5.“Көтерілістің жеңілуі”; 6.“Көтерілістің салдары мен маңызы” деп аталатын тақырыпшаларға бөлінген.

Оқулықтың авторы осы тақырыпты жазуда бұрын архив қорларында жатып, қалың жұртшылыққа белгісіз болып келген біраз жаңа деректерді пайдаланған. Біз солардың кейбіреулеріне тоқталайық. Автор көтерілістің шығу себептерінің бірі-1833-жылы Жәңгір ханның Қарауылқожа Бабажанұлын Каспий теңізінің солтүстік өңірінде көшіп жүрген қазақ руларына билеуші етіп тағайындауы болды, - деп орынды көрсеткен. Деректерге жүгінсек, осы жерлердің бұрынғы басқарушысы Исатай Тайманұлы болған. Жәңгір хан оны осы шұрайлы аймақтан сусыз құм дала - Мыңтөбеге ауыстырған. Жәңгір ханның Исатайдың соңына түсуі, қарапайым шаруалардың жерсізденуі, Исатай батырдың халық мүддесін қорғап, әлеуметтік теңсіздікке қарсы күреске шығуына себепші болған.

Автордың көрсетуінше, көтерілістің негізгі қозғаушы күші - қазақ шаруалары. Сонымен бірге көтеріліске старшиналар мен билердің бірқатар өкілдері қатынасқан.

Исатайдың жауынгер серігі, ақиық ақын М.Өтемісұлына сипаттама бере келе, оқулықтың авторы былай деп түйіндейді. “Исатай мен халықтың атынан еңбекшілер арасында үндеу таратқан Махамбеттің көтерілістің мақсатын айқындаудағы, шаруаларды күреске көтерудегі орны ерекше”. Оқулықта осы қозғалыстың мақсаты айқын көрсетілген: “Хан озбырлығына шек қою, шаруалардың жағдайын біршама жақсарту, жер мәселесіндегі патша өкіметінің отаршылдық саясатын өзгерту”. Ал бұл талаптар шаруалардың да, старшын-билердің де бірқатар мүдделеріне сай келетін.

Автордың көрсетуінше, Бөкей Ордасындағы көтерілістің жаңғырығы Петербургке дейін жетіп, І-Николай патша “бүлік” басшыларын қатаң жазалауды талап еткен. Патшаның осы уақиғаға араласуына қарағанда, көтерілістің Ресей отаршылдары үшін қауіпті сипат алғандығын байқауға болады.

Тақырыптағы автор келтірген басты жаңалық: Исатай, Махамбет батырлар бастаған көтерілістің Кіші жүзде кеңінен өрістеуін көрсетуі. Осыған дейінгі оқулықтарда авторлар бұл мәселеге тиісті дәрежеде көңіл аудармаған немесе Қазақ ССР тарихының III томындағы, тіпті жақында жарық көрген Қазақстан тарихының III томындағы сияқты Кіші жүзде болған осы уақиғаның мазмұнын ашуға тырыспаған еді. Сондықтан да И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған көтеріліс тарихын білгісі келетіндер оқулықтағы осы тақырыппен танысу арқылы жан-жақты мәлімет ала алады деп толық сеніммен айтуға болады.

Кіші жүзде Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілісшілер Хиуа ханымен байланысы бар сұлтан Қайыпқали Есімовтың отрядымен қосылып, солтүстік-шығысқа қарай жылжиды. 3 мыңдай адамды басқарған И.Тайманұлы мен Қ.Есімовтың болашақта Кіші жүзге қарай жылжып келе жатқан Кенесары Қасымов басқарған көтерілісшілермен бірігуі әбден мүмкін болатын. Олай болған күнде патша өкіметіне өз әскерлерінің қазақ жеріне тереңдей кіруіне қарсы азаттық соғысқа шыққан сан мыңдаған көтерілісшілерді басуы оңайға соқпайтын еді. Сондықтан да автор "көтерілісшілердің 2 басты тобының қосылуынан қауіптенген әскери

губернатор В.А.Перовский Исатайды талқандауға барлық күшті жұмылдырды", - деп жазады

1838-жылы 12-шілде күні Ақбұлақ өзенінің жағалауында Исатайдың 500 адамдық шағын отряды зеңбіректермен қаруланған полковник Гекенің әскерімен және сұлтан Б.Айшуақовтың отрядымен қапылыста кездесіп қалады. Сан жағынан және соғыс құралдары жағынан әлдеқайда басым әскермен соғыста үлкен ерлік көрсетіп, Исатай батыр осы ұрыста қаза табады. Осы жерде автор Атыраулықтар үшін маңызы бар мынадай дерек келтіреді: "1838-жылы шілде айының 23-де Махамбет бір топ көтерілісшілермен сұлтандар Нұртазағали Өзбекұлы мен Табылды Шерғазыұлының ауылдарына шабуыл жасады. Олардың қимылдары нәтижеге жетпесе де, Жәңгір ханның сарайын біршама шошытты".

Бұл жерде бір айтылмай калған нәрсе, Махамбеттің басшылығымен шабуыл жасаған аз ғана топтың ішінде Исатай Тайманұлының ұлы Досмұханбеттің (Досмағанбеттің-автор) де болуы. Осыдан 10 күн бұрын қан майданда қаза тапқан Исатай батырдың 14 жасар ұлының бұл әрекеті әкесінің кегін қайтару жолында жасаған батыл қадам болатын.

Қазіргі кезде сол Досмұханбет Исатайұлының ұрпақтары негізінен Атырау қаласы маңындағы Жұмыскер ауылында тұрады. Олардың балалары батыр бабасы Исатай Тайманұлы атындағы мектепте оқиды.

Исатай батыр қаза тапқаннан кейін көтеріліс одан әрі дамымады. Екінші отряд басшысы Қ.Есімов Хиуаға қашты. Қолға түскен көтерілісшілер аяусыз жазаланды. Олардың кейбіреулеріне тұзға салынған 1000 шыбықпен дүре соғылып, содан соң Ригаға қара жұмысқа, не Сібірге қоныстануға айдалды немесе солдатқа жіберілді. Көтерілісті қанға бояған басшылар патша өкіметі тарапынан әртүрлі шенге ие болып, сыйлықтар алды.

Ішкі Ордада ХІХ-ғасырдың 40-жылдарының орта кезінде тағы да феодалдық езгіге қарсы қозғалыс болғандығы туралы деректер келтіріліп, олардың басшылар аталады.

Автор 89-беттегі соңғы екі абзацта Бөкей мен Жәңгір хандар туралы қысқаша тоқталады. 93-бетте Исатайдың Жәңгір ханға араб алфавитімен жазған хатынан үзінді келтіреді. Міне, осы айтылғандардың бәрі - тақырыптың мазмұндылығын, оқушылардың

Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтеріліс тарихын терең ұғынуына көмектесетін жағдайлар болып табылады.

ә) Тақырып мазмұнындағы қателіктер мен кемшіліктер.

Тақырыптың мазмұнындағы жоғарыда көрсетілген оқушылар үшін аса қажетті деректер келтірілгендігі туралы айта отырып, сонымен бірге біз осы параграфтың мазмұнында көптеген қателіктер мен кемшіліктердің бар екендігіне тарихшы мұғалімдердің назарын аударғымыз келеді. Бірінші басты қателік - 11-параграфтағы тақырыптың аты: ол былай деп аталады “1836-1838-жылдардағы Бөкей ордасындағы шаруалар көтерілісі”. Осы тақырыптың мазмұнымен танысқаннан кейін шын мәнінде көтерілістің екі аймақта 1836-1837-жылдары Бөкей ордасында және 1838-жылдың алғашқы 6 айында Кіші жүздің батыс бөлігінде болғандығын анық байқауға болады. Өкінішке орай, біздің тарихшы ғалымдарымыздың әлі күнге дейін бұл көтерілістің жылдарын дұрыс көрсеткенімен, оның аумағын Бөкей ордасындағы деп негізсіз тарылтып жүргенін айтпай кетуге болмайды.

Оқулықтағы әрбір тақырып оның мазмұнын дәл білдіруі керек, ал жоғарыда көрсетілген тақырыптың атынан көтеріліс тек қана Бөкей ордасында болған екен деген пікір туады. Сонда Патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған қазіргі Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстары аймақтарын қамтитын 3000-нан астам адам қатынасқан Исатай-Махамбет батырлар бастаған 1838-жылдың алғашқы 6 айындағы халық-азаттық көтерілісті қайда жібереміз? Олай болса оқушыларға, тіпті мұғалімдерге түсініксіздік тудырып тұрған тақырыптағы ”Бөкей ордасындағы” деген тіркесті болашақта оқулықтың жаңа басылымында алып тастаған жөн болады.

Реті келіп тұрғанда айта кетейік, осы 11-параграфтың тақырыбының аты туралы біздің ұсынысымыз мынадай: “1836-1838-жылдардағы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басқарған халық-азаттық көтеріліс”. Тақырыптың өзінен өтілетін сабақтың бүкіл мазмұны көрініп тұр. Мұнда көтеріліс болған жылдар да, көтерілістің басшылары да және көтерілістің сипаты да көрсетілген. Бұл жерде көтерілістің болған аумағы – Ішкі Орда мен Кіші жүздің батыс бөлігі әдейі көрсетілмей отыр. Себебі, оның бәрін кірістірсек, тақырып өте шұбалаңқы болып оқушылардың есте ұстауына қиындық келтірген болар еді.

Тақырыптың мазмұнындағы тағы бір өз орнын таппай тұрған нәрсе -91-беттегі көтерілістің 3 кезеңге бөлінуі және оның 1-кезеңінің тақырыптан тыс тұрғаны. Қарапайым ақылға салсақ, көтерілістің кезеңдері сол оқиға болған жылдардың ішінде (бұл жерде 1836-1838-жылдар аралығында) болуы керек. Ал, оқулықта көтерілістің 1-кезеңі 1833-1836-жылдарды, II-кезең –1837-жылды III кезең 1838-жылдың 12-шілдесіне дейінгі аралықты қамтиды. Осы жерде алдымен байқайтынымыз - параграфтың тақырыбы мен көтерілістің кезеңдерінің арасындағы сәйкессіздік. Дәлірек айтқанда I-кезеңнің тақырыптан яғни 1836-жылдан тыс тұрғаны. Екіншіден, тақырыппен салыстырғанда көтерілістің III кезеңін де Бөкей ордасында болған екен деген түсініктің калыптасу мүмкіндігі. Ал, тақырыптың мазмұнымен танысқанда, III кезеңде көтерілістің Кіші жүздің батыс бөлігінде болғандығын байқау қиын емес. Сондықтан да мұғалім III кезеңде көтеріліс Бөкей ордасында емес, Кіші жүздің батыс бөлігінде болғандығын оқушыларға мұқият түсіндіруі керек. Оған қоса оқулықта көрсетілгендей, III кезең көтерілісшілер күшінің әлсіреп, жеңілу кезеңі, - деген пікірмен келісу қиын. Бұл жерде “Қазақстан тарихының” III томында атап көрсетілгендей, көтерілістің III кезеңі жаңа шайқастарға әзірлік барысында көтерілісшілердің күштерін қайта топтастыру кезеңі деп көрсетілгенінің шындыққа жақын екендігін айтқанымыз дұрыс болады. Ал, жалпы алғанда, оқушылардың түсінігіне осыншама қиындық келтіріп тұрған көтеріліс кезеңдерін 8-ші сынып оқулығына кірістірудің қажеттілігі де болмас. Біздің пікірімізше, бұл кезеңдерді алып тастағаннан тақырыптың мазмұнына да, оқушылардың біліміне де ешқандай нұқсан келмек емес.

2004-жылы "Мектеп" баспасынан 8-ші сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" оқулығында "Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс (1836-1838 жылдар)" деп аталатын оқулық карта берілген. Картаның авторы белгісіз. Өкінішке орай, бұл картада да кемшіліктер өте көп. Тарихшы мұғалімдер үшін біз сол кемшіліктердің басты-бастыларын ғана атап көрсеткіміз келеді.

1.Автор картаның тақырыбын “Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс”демей,көтеріліс басшыларының біреуін негізсіз қысқартқан.Автор бұл жерде академиялық “Қазақстан тарихының” 3 томында және басқа да

оқулықтарда көтеріліс басшылары ретінде Исатай мен Махамбет батырлардың бірге аталатындығын ескермеген.

2. Исатай мен Махамбет бастаған топтың 1837-жылдың 13-ші желтоқсанында таңда Сарайшықтың жоғарғы жағында Жайық өзенінен Азия бетке өткеннен кейінгі жүрген жолдары керісінше көрсетілген. Шындығында, олар алдымен Қарабау, Тайсойған құмдарына қарай бет алды, Барлыбай моласына жетіп, одан оңтүстікке - Иманқара, Желтауға қарай ойысқан.

3. Көтеріліс басшысы Исатай Тайманұлының қаза тапқан жері деп Жайық өзенінің батыс (Европа) жағы белгіленген. Шындығында, Исатай Тайманұлы 1838 жылы 12 шілдеде Ақбұлақ өзенінің маңында болған шайқаста қаза тапты емес пе? Махамбеттің өлген жері деп Жем өзенінің төменгі құйылысы көрсетілген. Көтерілістің 2-ші басшысы, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлының қаза тапқан жері кәзіргі Индердің шығыс жағындағы Қарой емес пе? Жылма-жыл қаншама адамдар Махамбет кесенесіне - Қаройға барады. Мұны картаны дайындаушы автор білмейтін сияқты.

4. Картада граф Безбородконың орнына князь Безбородко, князь Юсуповтың орнына граф Юсупов деп қате көрсетілген.

5. Картада 1838-жылдың шілде айының бас кезінде Орынбордан шыққан полковник Геке басқарған зеңбіректермен қаруланған үлкен жазалаушы отрядтың жолы толық көрсетілмеген. Керісінше, одан маңызы әлдеқайда төмен Жоламан Тіленшіұлы басқарған көтерілісшілерді талқандауға жіберілген атаман Падуров басқарған жазалаушы әскердің жорық жолы үлкен штрихпен және қате көрсетілген. Себебі, Жоламан Тіленшіұлы отряды Елек өзенінің маңайында болып, кейін Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілісшілерге қосылған.

6. Картаның Азия бетін қараған оқушы Исатай, Махамбет батырлардың басшылығымен 1838-жылдың бірінші жартысында Кіші жүздің батыс бөлігінде 3 мың адам қатынасқан көтеріліс мүлде болмағандай әсерде қалады. Картаның тақырыбында көтерілістің жылдары дұрыс көрсетілгенмен, картадағы белгілерге қарап, оқушы көтеріліс тек Бөкей ордасында ғана болған екен деген жаңсақ пікірге келуі мүмкін. Сондықтан, болашақта оқушылардың осы тақырыпты терең меңгеруіне көмектеспейтін, қателігі көп бұл картаны оқулықтан алып тастаған дұрыс болады деген пікірдеміз.

89-беттегі 4-абзац "Бөкей Нұралыұлы (1804-1845ж.ж) Кіші жүздің белді сұлтандарының бірі" деген сөйлеммен басталады. Осы сөйлемдегі жақша ішіндегі жылдардың Бөкей Нұралыұлына еш қатысы жоқ екендігін айтқымыз келеді. Бөкейдің хан болып бекітілген жылы - 1812, ал өлген жылы 1815-жыл. Сондықтан да тарихшы мұғалімдер бұл жылдарға ешқандай да көңіл аудармауы керек.

89-беттегі тағы бір кемшілік - Бөкейхан мен оның мұрагері Жәңгірхан арасындағы сабақтастықтың жоқтығы. Оқулықта "Жәңгір жас кезінен білімге құштарлығын байқатты" делініп, одан әрі оның қызметіне сипаттама беріледі. Ал 8-сыныптың оқушылары болса бұған дейін Жәңгірдің кім екендігінен хабардар болған емес. Олай болса, бұл жерде Жәңгірдің Бөкейханның баласы екендігі, Бөкейхан қайтыс болар алдында хандық билікті Жәңгірге мұра етіп қалдырғаны туралы оқушыларға нақты түсінік берілуі керек.

Басқа да қателіктер туралы айтатын болсақ, 98-бетте мынадай сөйлем бар: "Олардың ішінде Исатайдың ұлдары Досмұханбет, Дінбаян, батырдың жұбайы, М.Өтемісұлының інісі Сүлеймен, тағы 12 адам Орал қаласындағы түрмеге жіберілді". Бұл жерде тарихшы мұғалімдер ескеретін жай: Исатай Тайманұлының ұлы Досмұханбет ешуақытта жау қолына түспеген, ал батырдың жұбайының аты - Несібелі. Әңгіме Исатай батырдың отбасы туралы болып отырғандықтан оған толығырақ тоқталайық: Исатайдың Жақия, Ақай, Оспан, Досмағанбет, Дінбаян, Әлпияр атты ұлдары және Дүлзада деген қызы болған. Ақай мен оның шешесі Мылқым 1837-жылы қараша айында оққа ұшқан. Ал Жақия мен Дінбаян 1837-жылғы желтоқсан айында Кіші жүзде жау қолына түскен. (Оқулықта Жақияның орнына Досмұханбет деп қате көрсетілген). Оспан 1838-жылы 12-шілдеде әкесімен бірге каза тапқан. Олардың зираттары Ақтөбе облысы, Қобда ауданы аумағында.

Осы автордың орыс мектептерінің 8-сыныбына арналған "Қазақстан тарихы" оқулығында да жоғарыда көрсетілген қателіктер бар. Атап айтқанда, жау қолына түскен Исатай батырдың баласы Досмұханбет деп көрсетілген. Тарихшы мұғалімдер осы тақырыпты өткен кезде бұл қателіктерді түзетулері керек.

б) Тақырыпқа байланысты көрнекі құралдар мен деректі фильмдер.

И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс тарихына байланысты мектеп оқушыларына арналған көрнекі құралдар көп емес. 2004-жылы "Мектеп" баспасынан шыққан 8-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" оқулығына енгізілген. "И.Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (1836-1838)" деп аталатын картада көптеген қателіктер мен кемшіліктердің бар екені жоғарыда айтылды. Осы жерде Алматы қаласынан 2005 жылы Бас редактор Е.Ж.Жұмақановтың басшылығымен шыққан "19 ғасырдағы Қазақстан тарихы" деп аталатын Атлас туралы да айтпай кетуге болмайды. Біз 8 сынып оқушылары үшін бұл Атластың қажеттілігі өте зор екендігіне тарихшы мұғалімдерінің назарын аудағымыз келеді.

Осы Атластың 5-ші бетінде "Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс (1836-1838ж)" деген атпен көтеріліс картасы берілген. Біздіңше, жоғарыда көрсетілген 8 сынып оқулығындағы карта мен осы Атластағы картаны жасаушы бір автор болуы мүмкін. Өйткені, оқулықтағы картада біз көрсеткен қателік осы картада да қайталанып тұр.

Картадағы бізге түсіксіз бір жай-қартаның тақырыбы "Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс" деп атала тұра, картаға Махамбет Өтемісұлының суретінің орналастырылуы. Біздің пікірімізше, бұл жерде көтерілістің 2 басшысының да суреттері тұрғаны (не мүлдем тұрмағаны) дұрыс болар еді.

Сонымен бірге, қол бастаған көсем, сөз бастаған шешен, ақиық ақын Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуына орай суретшілердің альбомдары шығарылғандығын мұғалімдердің назарына бергіміз келеді.

Жауынгер ақын Махамбет Өтемісұлының 200 жылдық мерейтойын өткізу барысында баспасөз бетінде осы көтеріліске байланысты көптеген материалдар жарияланды. Одан басқа 2002-жылы Алматы қаласындағы "Дайк-Пресс" баспасы шығарған "Букеевский Орде - 200 лет" деп аталатын материалдар мен құжаттар жинағын, "Өлке" баспасы 2003-2004 жылдары шығарған 20-томдық "Махамбет кітапханасын", "Арыс" баспасы 2003-2004 жылдары шығарған 20-томдық "Махамбет әлемі" атты ғылыми зерттеулер мен құжаттар жинағын айтуға болады. Тарихшы мұғалімдер осы

жинақтардан көтеріліске байланысты құжаттармен оқушыларды таныстыра алады.

Осы тақырыпты оқыту барысында мұғалімдер көтеріліске байланысты шығарылған деректі фильмдерді пайдалана алады. Мысалға, Махамбеттің көтерілісті ұйымдастырушы ретіндегі рөлін, оның қазақ шаруаларын азаттық күреске шақырған жалынды өлеңдерін көрсететін Ә.Ламашевтың "Махамбеттің ізімен", Ж.Жетіруовтың "Махамбет" атты деректі фильмдерді, И.Тайманұлының көтерілістің көсемі, халық мұңын жоқтаушы қайраткер екенін көрсететін 1992-жылы "Қазақфильм" киностудиясы шығарған "Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай!" атты деректі фильмді айтуға болады. Бұл фильмде архив деректері, зерттеушілер Н.Савичев, Сербаринов, А.Рязанов, В.Шахматов, И.Кенжалиев еңбектерінен үзінділер келтірілген. Қазіргі зерттеушілер академик З.Қабдолов, Эль-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университетінің доценті Н.Көшекбаев, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті А.Шамғонов, жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Ә.Сарайдың түсіндірмелері, Исатай батырдың ұрпақтары Құрмет Шамахов пен Құрман Таңқашевтердің әңгімелері өте қызықты-ақ. Бұл деректі фильмде Исатай, Махамбет батырлардың жортқан жолдарына шолулар жасалып, қазіргі ұрпақ өткен тарихтың беттерімен жан-жақты таныстырылады. Қорыта айтқанда, бұл фильмдердің оқушылардың осы тақырыпты терең түсінуіне қосар үлесі мол.

Сонымен бірге, тарихшы мұғалімдер бұл тақырыпты оқыту барысында қолыңыздағы еңбектің авторы дайындаған "Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс (1836-1838 жылдар)" атты картаны пайдаланғаны дұрыс болар еді. Бұл картаны дайындаудағы негізгі мақсат - оқушылардың Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс тарихын терең меңгеруіне көмектесу болып табылады. Сызба карта жасалмас бұрын осы көтеріліске қатысты көптеген әдебиеттер оқылды. Сызба картаға алдымен Ішкі ордадағы Бөкейхан алғаш қоныс еткен Жалтыр көлі және Жанбай орналастырылды. 1836-жылы наурыз айында көтерілістің алғашқы қақтығысы болған Манаш, одан әрі Бекетай, Жаманқұм, Теректіқұм, Мыңтөбе, Найзашағыл сияқты құмдар, Хан ордасы, 1837-жылы 15-қарашада Геке бастаған патша өкіметі әскерлерімен көтерілісшілер арасындағы

шешуші шайқас болған Тастөбе және басқа да жерлер мен көптеген қайраткерлердің (Жәңгірхан, Исатай, Махамбет, Дәулеткерей, Құрманғазы) туған, қайтыс болған жерлері де сызба картада орнын тапты. Бұл тұста атап өтетін бір жай, кезінде Е.Бекмаханов пен Л.Бекмаханованың "Қазақ ССР тарихы" оқулығына енгізілген "Бөкей ордасында 1836-1837-жылдары болған көтеріліс" картасына жаңадан 30-дан аса толықтырулар енгізілді.

Ішкі ордада көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған шағын отряд 1837-жылы 13-желтоқсан күні таңда Жайық өзенінен Азия бетке - Кіші жүзге өткен кезден бастап, көтерілісшілер жолын көрсету оңай болмағандығын айтқым келеді. Бұл тұста тек архивтік деректер мен зерттеушілердің еңбектері ғана негізге алынды. И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы батырлар өздерінің зор ұйымдастырушылық қабілетінің нәтижесінде, 6 айға жетпейтін уақыт ішінде Кіші жүзді аралап, қол астына 3 мыңнан аса сарбаз жинаған. Осыншама адамның көтерілісшілер құрамына қосылуының басты себебі, олардың патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсылығы және сол саясатты жүзеге асырып отырған Кіші жүздің батыс бөлігінің басқарушы сұлтаны Баймағамбет Айшуақовқа деген наразылығы болатын. Сызба картада И.Тайманұлы мен Қ.Есімов бастаған көтерілісшілер жүріп өткен жорық жолдары көрсетілген.

Көрнекі құралмен танысу барысында оқушылар, бұл көтерілістің негізгі ошақтары Қазақстанның бүкіл батыс өңірін, қазіргі әкімшілік бөлумен айтқанда Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарын қамтығандығын көреді. Тарихшы мұғалімдер сызба картадағы Манаш, Бекетай құмы, Жиделі, Орда, Тастөбе (қазір Тасоба деп аталады -автор), Тайсойған, Желтау, Доңызтау, Иманқара, Оймауыт, Ақбұлақ және басқа да көптеген жерлердің халқымыздың отаршылдыққа қарсы күресінде әрқайсысының өзіндік орны бар екендігіне оқушылардың назарын аударуы қажет деп есептейміз. Олай болса, бұл еңбектің жас ұрпақты патриоттық, отан сүйгіштік рухта тәрбиелеуге де үлкен көмегі бар.

Республикамыздың Білім және ғылым министрлігі бұл картаны 2004-2005-оқу жылынан бастап негізгі және орта мектептерде, лицейлер мен гимназияларда, арнаулы орта және жоғарғы оқу орындарында "Қазақстан тарихы" пәні бойынша көрнекі құрал ретінде пайдалану туралы шешім қабылдады. Облыстық Білім

Департаменттері тапсырыс беру арқылы бұл картаны кез-келген уақытта "Мектеп" баспасынан шығартып ала алады.

Міне, жоғарыда айтылған деректі фильмдер мен көрнекі құралдар, сайып келгенде, оқушылардың осы тақырыпқа байланысты қазіргі кезеңмен ұштастырылған, кең ауқымды түсінік алуына және олардың патриоттық рухта тәрбиеленуіне қолайлы жағдай жасайды.

в) Тақырыпқа байланысты танымдық материалдар.

ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ (1791-1838) - 1836-1838-ж. Бөкей (Ішкі) Ордасы мен Кіші жүздің батыс бөлігінде болған ұлт-азаттық көтерілістің басшысы. Тегі Беріш Ағатай батырдың төртінші ұрпағы. Қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы аумағындағы Тайман жалы деген жерде дүниеге келген. 1808-жылдың 18-желтоқсан күні Бақсай бекінісі тұсынан Жайық өзенінен өтіп, Бөкей ханның қол астына көшіп барған. Исатайдың парасаттылығын, ел басқару қабілетін, халық арасындағы беделін байқаған хан Бөкей 1812-жылы 21 жасар Исатайды Беріш руына старшын етіп тағайындап, Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы шұрайлы бес аралды - Қарақамыс, Күйгін, Көлденең, Байсары, Кемелі аралдарын (Бұл аралдардың сілемдері қазіргі Атырау облысы, Исатай ауданы аумағында - автор) - қоныс етіп берген. Жасынан алымды, сөзге шешен, бірбеткей, өжет, қара қылды қақ жаратын әділ Исатайды көре алмаушылар көбейіп, ақыры солардың жаласынан ол 1818-1819-жылдары Сарайшық, 1824-жылы Орынбор түрмелеріне жабылады, бірақ тағылған кінәлар дәлелденбей, босатылады. Ханнан, сұлтандар мен билерден, Қарауылқожа Бабажановтан жәбір көрген қарапайым халық Исатайдың маңына жинала бастайды. 1833-жылы Жәңгір хан осыған дейін Исатай басқарып келген шөбі шүйгін, суы мол бес аралды Қарауылқожаның билігіне беріп, Исатайды қарауындағы елімен шаруашылыққа қолайсыз-суы аз, құм басқан Мыңтөбеге аударады. Жәңгір ханның және басқа да феодалдардың халыққа жасап отырған қысымшылығы туралы Исатай бастаған бір топ старшындар Орынбордағы шекара комиссиясына, тіпті губернатордың өзіне талай рет арыздар жазады. Бірақ одан ешқандай қортынды шықпайды. Өртүрлі алым – салықтардан күйзелген, жайылымнан айрылған, қазақ әскерлері мен жергілікті феодалдардың екі жақты езгісінен әбден шыдамы таусылған бұқара халық қолына қару алып, көтеріліске шығады. Бұл – 1836 – 1837-жылдардағы Бөкей хандығындағы немесе Ішкі ордадағы старшын Исатай Тайманұлы

басқарған халық-азаттық көтерілісі еді. 1836-жылы наурыз айында Манаш деген жерде басталған көтеріліс 1837-жылдың жазында бүкіл Бөкей хандығына тарады. Жәңгір хан мен оның айналасындағыларға наразылардың бәрі Исатайдың маңайына жиналады. Келген жігіттер атпен, азық-түлікпен, қару–жарақпен қамтамасыз етіледі. Осылайша, И.Тайманұлы белгілі бір тәртіпке негізделген азаматтық және әскери ұйымның басшысына айналады. Осы тұста сұлтан М.Шөкин ханға “Көтерілген шаруалар ешкімге бағынбайды, өз алдына бір республика” деп жазған. 1837-жылдың қазан айының аяғына қарай 2000-дай сарбазбен Исатай хан ордасын қоршайды. Жәңгір хан Орынбордан әскери көмек сұрайды. Генерал-губернатор В.А.Перовский Ордаға подполковник Геке бастаған жазалаушы әскер жібереді. Көтерілісшілер мен Геке бастаған әскер арасындағы шешуші шайқас 1837-жылы 15-қарашада Тастөбе деген жерде болады. Көтерілісшілер қаншама ерлікпен шайқасса да ұрыстың тағдырын зеңбіректер шешеді. Зеңбіректердің жарылған оғы мен зіркіліне шыдай алмай көтерілісшілер кейін шегінуге мәжбір болады. Осы ұрыста Исатайдың әйелі мен баласы Ақай қаза табады.

Тастөбеде қолға түспеген Исатайдың басына оны тірідей ұстағанға 500 күміс ақша тігіледі, ал, “өлтірген адамға сол ақшаның жартысы беріледі” деп жарияланады.

Ішкі ордада көтерілісті одан әрі жалғастырудың мүмкіндігі жоқ екендігін түсінген И.Тайманұлы 1837-жылы 13-желтоқсан күні таңда өзінің ескі досы Құрақ Маябасовтың көмегімен 37 адамды бастап, Сарытоғай мен Жаманқала аралығында Жайықтың шығыс бетіне-Кіші жүзге өтеді.

Кіші жүзге өткен И.Тайманұлы бастаған шағын топ ақын М.Өтемісұлымен бірге бүкіл Кіші жүзді аралап, патша өкіметінің отарлық саясатының және солардың қол шоқпары хандар мен сұлтандардың халыққа жасап отырған озбырлығын шаруаларға түсіндіріп, оларды қолдарына қару алып, өздерінің азаттығы үшін күреске шығуға шақырады. Осы мақсатта ол сұлтан Қайыпқали Есімовпен күш біріктірді. Исатай бастаған көтерілісшілерге батыр Ж.Тіленшиев, би Ж.Құланов бастаған сарбаздар, жалпы алғанда Адай, Шеркеш, Таз, Шөмекей, Табын, Кете т.б. рулардан 3000-дай адам жиналады.

Исатай бастаған көтерілісшілердің Кіші жүзге қарай жақындап келе жатқан Кенесары Қасымов басқарған ұлт-азаттық көтерілісіне

қосылып, үлкен соғысқа айналып кетуінен қауыптенген патша өкіметі көтерілісті басу әрекетіне кіріседі. 1838-ж. шілде айының бас кезінде Орынбор генерал-губернаторы полковник Геке басқарған зеңбіректермен қаруланған әскерлерді Исатайларға қарсы аттандырады. Сонымен бір мезгілде Горск қамалынан бір топ әскерді бастап сұлтан Баймағанбет Айшуақов та шығады. 1838-ж. шілдеде 500 сарбазбен келе жатқан Исатайлар ойламаған жерде Ақбұлақ өзеннің жағасында Геке мен Баймағанбет сұлтанның біріккен әскерімен кездесіп қалады. Әскери күші жағынан тең емес шайқаста көтерілісшілер үлкен ерлік көрсетеді. Зеңбірек оғынан көп адам қаза табады. Исатайдың атына оқ тиіп, ол жаяу соғысады. Ақыр соңында, патша әскерлері Исатайдың басын шауып, өлтіреді. Осы ұрыста Исатайдың Оспан атты ұлы да қаза табады. Исатай қаза тапқаннан кейін, көтеріліс одан әрі дамымай, ыдырап кетеді.

Көтеріліс басшысы Исатай Тайманұлы басынан өткен көптеген ауыр әрі қауіпті оқиғаларға мойымай, асқан қайсарлық көрсетіп, өз жауларымен өмірінің ақырына дейін алысып өтті. Тек Исатай ғана “өлгенінше көпті соңына ерте алды” (Х.Досмұхамедов). “Тыптыныш әлемде,-деп жазды орыс журналисі Н.Савичев, - қап-қара тұнық аспанда кейде жарқырап, зулап, жан-жағына от шашып, жұртты таң қалдырып келе жатқан метеорды көресің. Тап осы метеор сияқты жарқын бейнелі, абзал, терең ақыл – ойдың иесі, халық қамын ойлаған қажырлы батыр - Исатай”.

Қазақ кедейлерінің көсемі И.Тайманұлы есімі – халықтың мәңгі есінде. Ақтөбе облысының Қобда ауданында Исатай батыр мен оның баласы Оспанға шайқас болған жерде ескерткіш орнатылған. Атырау облысы, Исатай ауданының орталығы Аққыстауда да Исатай батырдың ескерткіші бар. Атырау қаласындағы орта мектепке және көшеге, Жұмыскер селосындағы орта мектепке батырдың есімі берілген. Батырдың туған жеріндегі “Тайман жалы” деп аталатын орынға мемориалдық тақта қойылып, Аққыстау селосында батырдың мемориалдық мұражайы ашылды. 1991-жылғы қыркүйек айында халық батыры И.Тайманұлының туғанына 200 жыл толуы республика көлемінде аталып өтті. Осы мерейтойға орай Қазақ ССР Ғылым Академиясының ұйымдастыруымен Алматы және Атырау қалаларында ғылыми-теориялық конференциялар өткізілді. И.Тайманұлы мен оның ұрпақтары туралы “Қазақфильм”

киностудиясы “Мінгені Исатайдың Ақтабан - ай” атты деректі фильм түсірді.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ (1803–1846) - 1836–1838 – жылдардағы Бөкей хандығы мен Кіші жүздің батыс бөлігіндегі халық – азаттық көтеріліс басшыларының бірі. Қазақтың көрнекті ақыны, батыры. Ішкі ордада Бекетай құмы деген жерде дүниеге келген. Кіші жүздегі Байұлы тайпа бірлестігіне жататын Беріш руының Жайық бөлімінен. Әкесі Өтеміс Бөкей ордасында старшын болған. Махамбет татарша, орысша сауатты болған. Жәңгір хан баласы Зұлқарнайын Орынборға оқуға барғанда, Махамбетті оның қасына қосып жібереді.

Жәңгір хан Махамбетке старшын атағын да береді. Алайда ХІХ-ғасырдың 30 – жылдарының орта кезінде Жәңгір хан мен Махамбет арасында үлкен келіспеушілік болып, Махамбет хан ордасынан кетіп, Ресейдің отаршылдық саясатын қолдаушы, қарапайым халықты қанаушы хан – сұлтандарға қарсы қозғалысты ұйымдастыру мақсатында Исатай Тайманұлына келіп қосылады. Оның жалынды жырларында көтерілістің мақсаты айқын көрінеді:

Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
немесе

Өздеріндей хандардың
Қарны жуан билердің
Атандай даусын ақыртып,
Лауазымын көкке шақыртып
Басын кессем деп едім.

И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған көтеріліс жеңіліс тауып, көтеріліс басшысы Исатай батыр қаза тапқаннан кейін де Махамбет хан- сұлтандардың халыққа жасап отырған зорлық-зомбылықтарын әшкерелейтін көптеген өлеңдер шығарады. Сол үшін де Махамбет 1841-жылы тұтқынға алынып, Орынбор түрмесіне қамалады. Бірақ, көп кешікпей абақтыдан босатылады. Алайда, сұлтан Баймағанбет Айшуақов Махамбетті үнемі қудалап, ақыр соңында 1846-жылы 20-қазанда өзіне сенімді адамдарды жіберіп, қазіргі Атырау облысы, Индер ауданы Қараой деген жерде оны өлтіртеді.

Махамбеттің халыққа кең танымал толғаулары кек пен намысқа, серт пен сеіімге, жігерге, өршіл рухқа толы. Оның өлеңдерінде көтеріліс басшысы Исатайдың ұраншысы ретінде өзінің бейнесі көрініс береді.

Сонымен бірге, Махамбет күйші-сазгер де болған. Оның "Өкініш," "Жайық асу", "Қайран Нарын", "Жұмыр-Қылыш", "Шілтерлі терезе", және басқа да көптеген күйлері бар.

Жауынгер-ақын Махамбет Өтемісұлының есімі - халықтың мәңгі есінде. Атырау облысында ақын атындағы аудан және село, облыс орталығында Махамбет атындағы қазақ драма театры бар. Орал қаласындағы мемлекеттік университет, Астана қаласындағы оқушылар сарайы ұлы ақынның есімімен аталады. 2003-жылы қыркүйек айында Махамбет Өтемісұлының 200-жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның шешімімен халықаралық дәрежеде аталып өтті. Атырау қаласында Исатай мен Махамбет батырларға ескерткіш орнатылды.

БӨКЕЙ ХАН (туған жылы белгісіз-21.05.1815) - Нұралы ханның баласы, Бөкей ордасының негізін салушы, 1801- жылға дейін Кіші жүзде хан кеңесінің төрағасы болды. Кавказ линиясының қолбасшысы генерал-лейтенаит К.Ф.Кнорринг арқылы патшаға өтініш жазып, өз қоластындағы қазақтарды Еділ мен Жайық арасындағы жерлерге қоныстануға, Ресей азаматтығын қабылдауға рұқсат сұраған. 1801-жылы 11-ші наурызда бірінші Павел патша Бөкей сұлтанға өзі қалаған жерлерге көшіп-қонуға ресми жарлықпен рұқсат берді. Осылайша, Ресей мен Қазақстан арасында Ішкі Орда (кейін Бөкей ордасы) мемлекеті құрылды. Оның жер көлемі шығыстан батысқа 350 шақырым, оңтүстіктен солтүстікке 250 шақырым деп белгіленді. 1801-жылы күзде Бөкей сұлтан Сарайшық тұсынан 5001 от басымен 22775 жанмен Ішкі Ордаға өтті. Ішкі Ордадағы халық саны жыл сайын көбейе түсті. 1801-жылдан 1812-жылға дейін Бөкей Ішкі Орданы сұлтан дәрежесінде басқарды. 1812-жылы 1-мамырда император сұлтандарға, билерге, старшындарға, жалпы Кіші жүз қазақтарына Бөкей сұлтанды хан деп тану жөніндегі грамотаға қол қойды. Бұдан бұлай Ішкі орда Бөкей ордасы немесе Бөкей хандығы деп аталатын болды. 1812-жылғы 7-маусымда Орал қаласының іргесіндегі хан тоғайында Бөкейді хан тағына отырғызу салтанаты болды.

Бөкей хан көршілес Ресей губерниясымен керуен саудасын дамытуға күш салды. Бөкей хан кезінде Орда қазақтарының әлеуметтік -экономикалық жағдайлары біршама жақсарды. Ол 1815-жылы қайтыс болған. Онын зираты Астрахань облысы Краснояр ауданы мен Атырау облысы, Құрманғазы ауданы шекарасында Кіші Арал деген жерде. Бөкей хан өзіне мұрагер етіп баласы Жәңгірді қалдырған. Батыс Қазақстан облысының бұрынғы Орда ауданы 2000-жылдан бастап "Бөкей Ордасы ауданы" деп аталды.

ЖӘҢГІР ХАН (1801-1845) - 1823-1845 жылдардағы Бөкей ордасының ханы, Бөкей ханның баласы. 1801-жылы Сарайшықта туған. 1823-жылға дейін Астрахань губернаторы Андреевскийдің үйінде тәрбиеленіп, европаша білім алған. Ол орыс, татар, араб, парсы тілдерін білген. 1824-жылы 20-маусымда Орал қаласы маңындағы Хан тоғайында Жәңгірді хан көтеру рәсімі болған. Жәңгір хан Еділ-Жайық өзендері аралығында Ресей империясының отаршылдық саясатын белсенді түрде іске асырушы болды. Сонымен бірге, Жәңгір хан Бөкей ордасында өз заманы үшін алдыңғы қатарлы болып келетін көптеген шараларды іске асырды. Ол 1826-жылы император І-Николайдың рұқсатымен Жасқұс деген жерден Бөкей хандығының орталығын салдырды. Ол Орда деп аталды (қазір Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы аумағында - автор). Ордада Қазақстанда тұңғыш рет дәрігерлік бөлімше, дәріхана, архив, музей ашылды. 1832-жылдан бастап Бөкей ордасында сауда жәрменкесі ұйымдастырылды. Хандықтың алғашқы картасы жасалды. Жәңгір хан шешек ауруына қарсы егудің негізін салды. Қазақ шежіресі нұсқаларының бірін жазды, бұл еңбек қазір Қазан университетінде сақтаулы. 1844-жылы Қазан университетінің жанындағы ғылыми кеңеске мүше болып сайланді. 1838- жылы Тарғын өзені бойында жеміс-жидек бауының ("хан жайлауы") негізін қалады. 1841-жылы Жәңгір хан өз қаражатына қазақ балалары үшін мектеп ашқызды. Бұл мектепте негізінен, ауқатты қазақтардың балалары оқыды. Императорға киіз үйдің таза алтыннан соққан макетін сыйлаған Мақаш Бекмұханбетов, ғалым-этнограф Мұхамбет-Салық Бабажанов, қазақтың тұңғыш генерал-лейтенанты, Балқан шайқасының батыры Ғұбайдолла Жәңгір ұлы, қазақтан шыққан тұңғыш филология ғылымдарының кандидаты Бақтыгерей Құлманов, тұңғыш заң ғылымдарының кандидаты Уалитхан Танашев және басқалар осы мектепте оқып, білім алған. 1842-жылы Жәңгір хан бұталар мен

орман ағаштарын сақтау және оны кесуге, оларда мал жаюға тиым салу туралы ереже қабылдады. 1844-жылы Ішкі орда қазақтарына малдарын жұттан аман сақтау үшін жемшөпті күні бұрын дайындауды, өздеріне тиісті орындарда шабындықтарды суландыру үшін артезиан құдықтарын орнатуды міндеттеді. 1840-жылы Жәңгір ханға генерал-майор атағы берілген. Жәңгір ханның халыққа жасаған озбырлығына және ол арқа сүйеген Ресейдің отаршылық саясатына қарсы бағытталған Исатай-Махамбет батырлар бастаған 1836-1837 жылдардағы Бөкей ордасындағы халық-азаттық көтерілісті орыс әскерлерінің күшімен басып-жаншуды және көтерілісшілерді жазалауды ұйымдастырушы ретінде де ол халық санасында қалды. 2003- жылы Орал қаласындағы аграрлық-техникалық университетке Жәңгір хан есімі берілді.

ҚАЙЫПҚАЛИ ЕСІМОВ- (1789-шамамен 1857) - Есім ханның үлкен ұлы. 1797-жылы Сырым Датұлы бастаған көтерілісшілер Есім ханды өлтіргеннен кейін Қайыпқали Есімов Ішкі ордада Бөкей сұлтанның камқорлығында болады. Кейін Бөкей ордасының сұлтаны ретінде бір руды басқарады. 1826-жылы Жәңгір ханмен бірге 1-Николай патшаның таққа отыру салтанатына қатынасады. Қайыпқали Бөкей Ордасында хан болуға үміттеніп сол үшін де Жәңгір ханмен араздасқан 1827-жылы өзінің қарамағындағы старшындарды Жәңгір ханға бағынбауға, оған алым-салық төлемеуге, тіпті халықты Жайықтың шығыс бетіне көшуге үгіттейді. Сол үшін, 1828-жылы ақпан айында тұтқынға алынып, Орынбор түрмесіне жабылады. 8 айдан соң абақтыдан босатылған Қайыпқали 1829-жылдың басында Бөкей ордасы қазақтарын бастап, Жайықтың Кіші жүз бетіне көшуге дайындады. Алайда, 1829 -жылдың наурыз айында Жайық өзенінің батыс жағындағы 20 верст жерде, Орал қазақ әскерінің атаманы генерал-майор Д.М.Бородин оны тұтқындап, әуелі Орал кейін, Орынбор қаласына түрмеге жібереді. Бір жылдан соң Орынбор түрмесінен қашып шыққан Қайыпқали, Кіші жүздің далалық аймағында бірнеше жыл жүреді. 1836-жылы Хиуа ханы Аллақұлдың шақыруымен Хиуаға барып, "Батыс қазақтарының ханы" деген лауазым алады. Кіші жүзге қайтып келіп Хиуа хандығының пайдасына зекет жинайды. 1838-жылы И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған көтеріліске қосылып, аз уақыт олармен бірге көтерілісті басқарады. Алайда, көтеріліс басшылары мен Қайыпқалидің мүдделерінің алшақтығы көп-кешікпей-ақ анық

байқалады. 1838-жылы 12-шілдеде полковник Геке басқарған жазалаушы әскермен болған ауыр шайқаста И.Тайманұлы қаза тапқаннан кейін, Қайышқали Есімов қол астындағы әскерін тастап бір топ адаммен Хиуаға қашады. ХІХ ғасырдың 50-жылдардың ортасына дейін Хиуа ханы тағайындаған “Батыс казактарының ханы” ретінде қазақтардан зекет жинап, оларды Хиуа хандығына қарай көшуге үгіттеумен болады. Кейін Хиуа ханы Мұхаммед-Эмин оны хандық атақтан айырады.

ҚАРАУЫЛҚОЖА БАБАЖАНҰЛЫ (1785-1850). 1809-жылы Кіші жүзден Ішкі ордаға қоныс аударған. Жәңгір хан оны 1833-жылы Каспий теңізінің солтүстік-батыс жағалауындағы жерлердің басқарушысы етіп тағайындайды. Кезінде хан Бөкей бұл жерлерді старшина Исатай Тайманұлына басқаруға берген болатын. Қарауылқожа Бабажанұлы 1834-жылы Астрахань қаласында Каспий теңізінің солтүстік-батыс жағалауындағы жерлерді жалға беру жөнінде князь Н.Б.Юсуповтың іс басқарушыларымен шарт жасасады. Ол ірі феодал, өсімқор-саудагер болды. Оның зорлық зомбылығынан бұқара халық қатты азап шекті. Мұның өзі 1836-1837- жылдарда Бөкей ордасында И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған шаруалар көтерілісінің шығуының бір себебі болды

Көтерілісшілердің бір талабы-Қарауылқожаны қызметінен босату болатын. И.Тайманұлы бастап қол қойған көтерілісшілердің арызына байланысты Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский 1837-жылы желтоқсан айында Қ. Бабажанұлын биліктен тайдырды. Жәңгір хан Орынбордың жаңа генерал-губернаторы В.А.Обручевке 1843 және 1845 жылдары Қарауылқожаны бұрынғы қызметіне қайта тағайындау туралы өтініш жасап, ақыры дегеніне жетті. Қарауылқожа Бабажанұлы- Каспий теңізінің солтүстік жағалауында тұнғыш ағаш үй тұрғызушылардың бірі. (ол үйдің орны қазіргі Атырау облысы, Исатай ауданының аумағында-автор) Ол Бөкей ордасында астық саудасын ұйымдастырушы кәсіпкер болды. Қарауылқожа Бабажанұлы балаларын Орынбордағы Неплюев әскери училищесінде оқытқан. Солардың бірі- ғалым-этнограф- Мұхамбет-Салық Бабажанов еді.

БАЙМАҒАМБЕТ АЙШУАҚҰЛЫ.(1790-1847) 1797-1805 жылдары Кіші жүзді басқарған Айшуақ ханның баласы, Әбілхайыр ханның немересі. Патша үкметінің қазақ даласында жүргізген отаршылдық саясатына қолдау көрсеткені үшін әскери старшын,

подполковник, полковник шендерін алған. Қаратай Нұралыханұлымен және Орал қазақ әскерлерімен бірігіп Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысты басуда үлкен белсенділік танытты. 1830-жылы Кіші жүздің батыс бөлігінің басқарушы сұлтаны болып тағайындалды. 17 жыл бойы қоластындағы қазақ шаруаларын феодалдық езгіге салды. Сондықтан да Баймағамбет сұлтанның қарамағындағы шаруалар И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған көтеріліске белсене араласты. 1838-жылдың алғашқы 6 айында Кіші жүздің батыс бөлігінде кең көлемде өрістеген И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы басқарған халық-азаттық көтерілісті басуда ерекше белсенділік көрсетті. 1838-жылы 12-шілдеде Ақбұлақ өзені бойындағы шайқаста Геке мен Б.Айшуақұлы басқарған әскерлермен болған шайқаста көтеріліс басшысы И. Тайманұлы ерлікпен қаза тапты. Көтерілістің екінші басшысы М.Өтемісұлын үнемі қуғындап, ақыры 1846-жылдың қазан айында өзіне сенімді адамдарды жіберіп, Қараой деген жерде Махамбетті өлтіртті. ХІХ ғасырдың 40-жылдарында Кенесары Қасымұлы бастаған халық-азаттық көтерілісті басуға да араласты. 1846-жылдың желтоқсаны мен 1847-жылдың наурыз айы аралығында Санкт-Петербург қаласына барып, І Николай патшаның қабылдауында болды, генерал-майор дәрежесін алды. Ауылға қайтар жолда 1847-жылы 27- ақпанда Елек өзенінде суға кетіп, өлді.

ГЕКЕ КАРЛ КАРЛОВИЧ – Орынбор генерал-губернаторының ерекше тапсырмалар жөніндегі чиновнигі. 1837-жылы қазан айында И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған көтерілісшілер Жәңгірхан ордасын талқандау қаупі төнген кезде Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский көтерілісті басуды ұйымдастыру үшін подполковник Гекені Ордаға жіберді. Гекенің жарлығымен Кулагино және Горск қамалдарынан, Зеленов бекінісінен, хан ордасынан жинақталған жазалаушы әскерлер 1837-жылы 15- қарашада Тастөбе деген жерде зеңбіректердің көмегімен көтерілісшілерді жеңіп, оларды ыдырауға мәжбүр етеді. Қазақ ауылдарын аяусыз талап, көтеріліске қатынасушылардың біразын тұтқынға алады. 1838-жылы Исатай, Махамбет батырлар бастаған көтерілісшілер Кіші жүзге бағыт алған Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатынасушылармен қосылуға бет бұрған кезде генерал-губернатор В.А.Перовский полковник Гекені зеңбіректермен қаруланған үлкен отрядпен көтерілісті басуға жібереді. Геке мен Баймағамбет

Айшуақовтың біріккен жазалаушы әскерлері 1838-жылы 12-шілде күні И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған көтерілісшілермен Ақбұлақ өзені жағалауында кездесіп, оларды талқандайды. Көтеріліс басшысы И.Тайманұлы ұрыста қаза табады. Осылайша, 1836-1838-жылдарда Бөкей ордасы мен Кіші жүздің батыс бөлігін қамтыған халық-азаттық көтеріліс біржола жеңіледі. Кейін Гекеге генерал-майор шені беріліп, Орал қазақ әскерлерінің атаманы қызметіне тағайындалады.

ПЕРОВСКИЙ ВАСИЛИЙ АЛЕКСЕЕВИЧ (1795-1857) – Орынбор губерниясының генерал-губернаторы. Москва университетінің түлегі. 1818-жылы император І-Николайдың адъютанты болып, патша Россияны аралаған кезде, оның жанында жүрген. Декабристер көтерілісі кезінде Сенат алаңында императормен бірге болған В.А.Перовскийге оқ тиіп, жараланған. 1828-1829- жылдары орыс-түрік соғысына қатынасқан. 1828-жылы оған генерал-майор атағы берілген. 1833 –жылы В. А.Перовский Орынбор әскери губернаторы болып тағайындалады. Осы қызметті ол 1842-жылға дейін атқарады. 1851- жылы император В.А.Перовскийді Орынбор мен Самараның генерал-губернаторы етіп қайтадан тағайындайды. 1857-жылы ол денсаулық жағдайына байланысты бұл қызметтен біржола кетеді. В.А.Перовскийдің кезінде патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлауы күшейе түсті. Жаңа әскери шептердің жүргізілуіне байланысты қазақтар көптеген жайылым жерлерден айырылып, олардың әлеуметтік жағдайлары нашарлады. 1837-жылдан бастап Кіші жүзде үй басына 1,5 сом болып келетін ақшалай салық енгізілді. В.А.Перовскийдің 1839-1840-жылдары Хиуаға жасаған жорығы сәтсіз аяқталды. 1853-жылы В.А.Перовский бастаған орыс әскерлері Қоқан хандығының бекінісі Ақмешітті басып алды. Ақмешіт ұзақ жылдар Перовск деп аталды. Ол Сырдария өзені бойында бірнеше бекіністер салдырып, Арал флотын құрды.

Исатай – Махамбет көтерілісі мектептерде қалай оқытылып жүр?

(“Қазақстан тарихы ” оқулығындағы кейбір қателіктер)

Биылғы жылдың ақпан айында Алматыда “Жаңа ақпараттық коммуникациялық ортада кәзіргі заман оқулығын дайындаудың және оқу кітабын басып шығарудың өзекті мәселелері ” атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Осы жиында жасаған баяндамасында ҚР Білім және ғылым министрі Ж.Түймебаев соңғы жылдары республикалық басылымдарда мектеп оқулықтарының сапасына және онда кетіп жатқан

қателер мен бұрмаланған деректерге байланысты баспасөз бетінде сыни мақалалардың жарияланып жатқандығына конференцияға қатысушылардың назарын аударды. Министр жаңа оқулық жазуда авторлар дәлелденген, нақтыланған заманауи ғылыми ұстанымдарды негізге ала отырып, оқулық әзірлеуде оқушылардың жас деңгейін, психологиялық ерекшеліктерін де ескерулері керек деген мәселе қойды.

Сөздің шыны керек, Білім және ғылым министрі мәселені дер кезінде және нақты қойып отыр. Себебі, 21 ғасырда оқитын оқушылардың оқулығы өткен ғасыр оқулықтарымен салыстыруға болмайтын кәзіргі замандағы озық техника мен технология жетістіктері негізінде жазылуы керек қой. Алайда, мұндай оқулықтар дайындалып жарық көргенше мұғалімдер де, оқушылар да кәзіргі оқулықтарды пайдалана тұрады.

Ал кәзіргі оқулықтардағы қателер қандай? Соған мысал ретінде біз осы мақаламызда 8-сыныпқа арналған “Қазақстан тарихы” (Алматы, “Мектеп” баспасы, 2004) оқулығындағы И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлы бастаған көтеріліске байланысты қателер мен бұрмаланған деректер туралы сөз қозғайық. Алдымен тақырыптың атына көңіл аударсақ “1836 – 1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы шаруалар көтерілісі”. Мінеки, қателіктің басы осы тақырыптың атынан шығып тұр. Осы тақырыптың мазмұнымен танысқаннан кейін шын мәнінде көтерілістің екі аймақта 1836-1837-жылдары Бөкей ордасында және 1838-жылдың алғашқы 6 айында Кіші жүздің батыс бөлігінде болғандығын анық байқауға болады. Өкінішке орай, біздің тарихшы ғалымдарымыздың әлі күнге дейін бұл көтерілістің жылдарын дұрыс көрсеткенімен, оның аумағын

“Бөкей ордасындағы” деп негізсіз тарылтып жүргенін айтпай кетуге болмайды.

Оқулықтағы әрбір тақырып оның мазмұнын дәл білдіруі керек, ал жоғарыда көрсетілген тақырыптың атынан көтеріліс тек қана Бөкей ордасында болған екен деген пікір туады. Сонда патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған қазіргі Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстары аймақтарын қамтитын 3000-нан астам адам қатынасқан Исатай-Махамбет батырлар бастаған 1838-жылдың алғашқы 6 айындағы халық-азаттық көтерілісті қайда жібереміз? Олай болса оқушыларға, тіпті мұғалімдерге түсініксіздік тудырып тұрған тақырыптағы “Бөкей ордасындағы” деген тіркесті болашақта оқулықтың жаңа басылымында алып тастайтын мезгіл болды.

Реті келіп тұрғанда айта кетейік, осы 11-параграфтың тақырыбын “1836-1838-жылдардағы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басқарған халық-азаттық көтеріліс” деп атаған дұрыс болар еді. Мұнда көтеріліс болған жылдар да, көтерілістің басшылары да және көтерілістің сипаты да көрсетілген. Тақырыптың өзінен өтілетін сабақтың бүкіл мазмұны көрініп тұр. Бұл жерде көтерілістің болған аумағы – Ішкі Орда мен Кіші жүздің батыс бөлігі әдейі көрсетілмей отыр. Себебі, оның бәрін кірістірсек, тақырып өте шұбалаңқы болып оқушылардың есте ұстауына қиындық келтірген болар еді.

Тақырыптың мазмұнындағы тағы бір өз орнын таппай тұрған нәрсе -91-беттегі көтерілістің 3 кезеңіне бөлінуі және оның 1-кезеңінің тақырыптан тыс тұрғаны. Қарапайым ақылға салсақ, көтерілістің кезеңдері сол оқиға болған жылдардың ішінде (бұл жерде 1836-1838- жылдар аралығында) болуы керек. Ал, оқулықта көтерілістің 1-кезеңі 1833-1836-жылдарды, II-кезең –1837-жылды III кезең 1838-жылдың 12-шілдесіне дейінгі аралықты қамтиды. Осы жерде алдымен байқайтынымыз - параграфтың тақырыбы мен көтерілістің кезеңдерінің арасындағы сәйкессіздік. Дәлірек айтқанда I-кезеңнің тақырыптан яғни 1836-жылдан тыс тұрғаны. Екіншіден, тақырыппен салыстырғанда көтерілістің III кезеңін де Бөкей ордасында болған екен деген түсініктің калыптасу мүмкіндігі. Ал, тақырыптың мазмұнымен танысқанда, III кезеңде көтерілістің Кіші жүздің батыс бөлігінде болғандығын байқау қиын емес. Сондықтан да мұғалім III кезеңде көтеріліс Бөкей ордасында емес, Кіші жүздің батыс бөлігінде болғандығын оқушыларға мұқият түсіндіруі керек. Оған қоса оқулықта көрсетілгендей, III кезең көтерілісшілер күшінің әлсіреп, жеңілу кезеңі, - деген пікірмен келісу қиын. Бұл жерде “Қазақстан тарихының” III томында атап көрсетілгендей, көтерілістің III кезеңі жаңа шайқастарға әзірлік барысында көтерілісшілердің күштерін қайта топтастыру кезеңі деп көрсетілгенінің шындыққа жақын екендігін айтқанымыз дұрыс болады. Ал, жалпы алғанда, оқушылардың түсінігіне осыншама қиындық келтіріп тұрған көтеріліс кезеңдерін 8-ші сынып оқулығына кірістірудің қажеттілігі де болмас. Осы жерде Ж.Түймебаевтың жоғырыда көрсетілген конференцияда оқулық әзірлеуде оқушылардың жас деңгейі мен психологиялық ерекшеліктері ескерілуі керек деген сөзі ойға оралады. Біздің пікірімізше, бұл кезеңдерді алып тастағаннан тақырыптың мазмұнына да, оқушылардың біліміне де ешқандай нұқсан келмек емес. Айта кетейік, соңғы жылдары тарихи әдебиеттерде Исатай – Махамбет батырлар бастаған көтерілістің 3 кезеңнен емес, 2 кезеңнен тұратындығы туралы дәлелдер келтірілуде.

89-беттегі 4-абзац "Бөкей Нұралыұлы (1804-1845ж.ж) Кіші жүздің белді сұлтандарының бірі" деген сөйлеммен басталады. Осы сөйлемдегі жақша ішіндегі жылдардың Бөкей Нұралыұлына еш қатысы жоқ. Бөкейдің хан болып бекітілген жылы - 1812, ал өлген жылы -1815-жыл. Сондықтан да тарихшы мұғалімдер бұл жылдарға ешқандай да көңіл аудармауы керек.

89-беттегі тағы бір кемшілік - Бөкейхан мен оның мұрагері Жәңгірхан арасындағы сабақтастықтың жоқтығы. Оқулықта "Жәңгір жас кезінен білімге құштарлығын байқатты" делініп, одан әрі оның қызметіне сипаттама беріледі. Ал 8-сыныптың оқушылары болса бұған дейін Жәңгірдің кім екендігінен хабардар болған емес. Олай болса, бұл жерде Жәңгірдің Бөкейханның баласы екендігі, Бөкейхан қайтыс болар алдында хандық билікті Жәңгірге мұра етіп қалдырғаны туралы оқушыларға нақты түсінік берілуі керек.

Басқа да қателіктер туралы айтатын болсақ, 98-бетте мынадай сөйлем бар: "Олардың ішінде Исатайдың ұлдары Досмұханбет, Дінбаян, батырдың

жұбайы, М.Өтемісұлының інісі Сүлеймен, тағы 12 адам Орал қаласындағы түрмеге жіберілді". Бұл жерде тарихшы мұғалімдер ескеретін жай: Исатай Тайманұлының ұлы Досмұханбет ешуақытта жау қолына түспеген, жау қолына түскен Исатай батырдың үлкен ұлы-Жақия. (Оқулықта Жақияның орнына Досмұханбет деп қате көрсетілген) Батырдың жұбайының аты – Несібелі.

2004-жылы "Мектеп" баспасынан 8-ші сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" оқулығында "Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс (1836-1838 жылдар)" деп аталатын оқулық карта берілген. Өкінішке орай, бұл картада кемшіліктер өте көп. Тарихшы мұғалімдер үшін біз сол кемшіліктердің басты-бастыларын ғана атап көрсеткіміз келеді

1. Автор картаның тақырыбын “Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс” демей, көтеріліс басшыларының біреуін негізсіз қысқартқан. Автор бұл жерде академиялық “Қазақстан тарихының” 3 томында және басқа да оқулықтарда көтеріліс басшылары ретінде Исатай мен Махамбет батырлардың бірге аталатындығын ескермеген.

2. Исатай мен Махамбет бастаған топтың 1837-жылдың 13-ші желтоқсанында таңда Сарайшықтың маңынан Жайық өзенінен Азия бетке өткеннен кейінгі жүрген жолдары керісінше көрсетілген. Шындығында, олар алдымен Қарабау, Тайсойған құмдарына қарай бет алды, Барлыбай моласына жетіп, одан оңтүстікке - Иманқара, Желтауға қарай ойысқан.

3. Көтеріліс басшысы Исатай Тайманұлының қаза тапқан жері деп Жайық өзенінің батыс (Европа) жағы белгіленген. Шындығында, Исатай Тайманұлы 1838 жылы 12 шілдеде Ақбұлақ өзенінің маңында болған шайқаста қаза тапты емес пе? Махамбеттің өлген жері деп Жем өзенінің төменгі құйылысы көрсетілген. Көтерілістің 2-ші басшысы, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлының қаза тапқан жері кәзіргі Индердің шығыс жағындағы Қарой емес пе? Жылма-жыл қаншама адамдар Махамбет кесенесіне- Қаройға барады. Мұны картаны дайындаушы автор білмейтін сияқты.

4. Картада граф Безбородконың орнына князь Безбородко, князь Юсуповтың орнына граф Юсупов деп қате көрсетілген.

5. Картада 1838-жылдың шілде айының бас кезінде Орынбордан шыққан полковник Геке басқарған зеңбіректермен қаруланған үлкен жазалаушы отрядтың жолы толық көрсетілмеген. Керісінше, одан маңызы әлдеқайда төмен Жоламан Тіленшіұлы басқарған көтерілісшілерді талқандауға жіберілген атаман Падуров басқарған жазалаушы әскердің жорық жолы үлкен штрихпен және қате көрсетілген. Себебі, Жоламан Тіленшіұлы отряды Елек өзенінің маңайында болып, кейін Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілісшілерге қосылған.

6. Картаның Азия бетін қараған оқушы Исатай, Махамбет батырлардың басшылығымен 1838-жылдың бірінші жартысында Кіші жүздің батыс бөлігінде 3 мың адам қатынасқан көтеріліс мүлде болмағандай әсерде қалады. Картаның тақырыбында көтерілістің жылдары дұрыс көрсетілгенмен, картадағы белгілерге қарап, оқушы көтеріліс тек Бөкей ордасында ғана болған екен деген

жаңсақ пікірге келуі мүмкін. Сондықтан, болашақта оқушылардың осы тақырыпты терең меңгеруіне көмектеспейтін, қателігі көп бұл картаны оқулықтан алып тастаған дұрыс болар еді.

Алматы қаласынан 2005 ж шыққан “19 ғ Қазақстан тарихы ”деп аталатын Атластағы”Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс (1836-1838 ж)” деген тақырыптағы картада да 8 сыныпқа арналған оқулыққа жалғанған картадағы қателіктер негізінен қайталанған. Бұл карта “Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс ” деп аталса да онда Махамбет Өтемісұлының суреті берілген.

Сөз орайы келгенде айта кетелік,8 сыныпқа арналған “Қазақстан тарихы ” оқулығындағы карта мен жоғарыда аталған. “21 ғасырдағы Қазақстан тарихы” деп аталатын Атластағы қателерді түзете отырып,осы жолдардың авторының “Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс (1836-1838 жылдар)” атты оқулық карта дайындағандығын және ол картаны ҚР Білім және ғылым министрлігінің республикадағы негізгі және орта мектептерде және жоғарғы оқу орындарында “Қазақстан тарихы ” пәні бойынша көрнекі құрал ретінде мақұлданғанын қоса айтқымыз келеді.Өкінішке орай , тарихшы мұғалімдер тарапынан сұраныс өте жоғары болса да бұл картаға әлі күнге дейін республика көлеміндегі мектептердің қолы жетпей келеді. Себебі,жылма-жыл Білім және ғылым министрлігі Баспадан шығаруға рұхсат ететін оқулықтар мен қосымша құралдар “Тізіміне” бұл карта бірде кіреді,бірде кірмейді.Ал “Мектеп” баспасы бұл карта “Тізімге” кіргізілген жағдайда және оған облыстардағы Білім басқармаларынан тапсырыс түскен жағдайда ғана көп мөлшерде басып шығаруға болатындығын айтады.Мұның өзі мектеп оқушылары әлі де біраз уақыт жоғарыда көрсетілген қате картаны пайдаланады дегенге саяды.

Біз көтеріп отырған мәселеге байланысты тағы бір айтарымыз-ол авторы Х.К.Ермұқанова болып табылатын “Шың” кітабы туралы.Әділін айтсақ ,бүгінгі күні бұл кітап жоғарғы сынып оқушылары үшін ең жиі пайдаланылатын оқулыққа айналды.Сондықтан да бұл оқулықта кемшіліктің болмағаны абзал.Өкінішке орай ,бұл кітапта да И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған көтеріліске байланысты қателіктер жоқ емес.Енді соларға тоқталайық: Тақырыптың аты “Бөкей ордасындағы шаруалар көтерілісі (1836-1838)”.Соңғы 15 жылда 1838 жылы Бөкей ордасында ешқандай да шаруалар көтерілісі болмағандығы туралы мақалалар жарық көріп келеді.Олай болса,бұл жерде автор 8-сыныпқа арналған мектеп оқулығындағы қателікті қайталап отыр.Осының өзі –министр Ж.Түймебаевтың жоғарыда аталған конференцияда “1 оқулықтың бірнеше авторы бар,қатені бір-біріне сілтегенде,қайсысы кінәлі екендігін таба алмай қалдық”-деген сөзінің мысалы бола алады.Одан әрі мына сөйлемді қараңыз:көтеріліс басшылары –Исатай Тайманұлы (1791-1838),Махамбет Өтемісұлы (1803-1804-1846)??? Адамның туған жылын осындай етіп көрсетуді ,бұған дейін,сірә,ешкім көрмеген болар.Осы үшін күлу керек пе,әлде жылау керек пе?Бұл жерде оқушылардың ,тіпті,студенттердің қолынан тастамайтын оқулығына ұлы Махамбеттің туған жылын осылай көрсету-бұл жауапсыздықтың нақты көрінісі дегеннен басқа шара жоқ.2003 жылы жалғыз Қазақстан Республикасы емес,халықаралық дәрежеде Махамбет Өтемісұлының

200 жылдығы аталып өткен жоқ па? Автор ең болмағанда 8-сыныпқа арналған “Қазақстан тарихы” оқулығын қарамаған ба? Алайда, Махамбеттің туған жылын қате көрсетіп отырған тек қана “Шың” кітабы десек, әділін айтпаған болар едік. Өкінішке орай “Шыңнан” басқа оқулықтарда да ұлы ақынның туған жылы қате жазылып жүр. 2009 жылы шыққан “Шың” кітабының 136 бетінде мынадай сөйлем бар: “Исатайдың азаматтық көзқарасының қалыптасуына *нағашысы* Жабай Бегәліұлы зор ықпал етті”. Шындығында Жабай Бегәліұлы Исатайдың нағашысы емес, -немере ағасы, әкесі Тайманның інісі. Бұл жерде оқулықтағы мұндай қателіктің жіберілуі – аудармашылардан болса керек, яғни орысшадан қазақшаға аударған кезде осындай қателік жіберілген. Бірақ, кәзіргі кезде оқушылар мен студенттер Жабай Бегәліұлын Исатайдың нағашысы деп айтып жүр. Бұл қателік дереу түзетілуі керек.

Құрметті оқырман, біз мақаламызда қазақ халқының азаттығы жолында өмірлерін сарып еткен батырлар Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс тарихына байланысты мектеп оқулықтарындағы қателіктер туралы сөз қозғадық. Мақсатымыз бұл жерде біреуді сынау емес, біздің таяудағы болашағымыз оқушылардың бойында осы көтеріліс туралы кәзіргі кезеңмен ұштастырылған және олардың патриоттық рухта тәрбиеленуіне көмектесетін дұрыс түсініктің қалыптасуы. Ол үшін мұғалімге де, оқушыға да қатесіз оқулық керек.

Аманкелді Шамғонов
